



ШАРУАЛАРҒА
ҰЗАҚ МЕРЗІМГЕ
ҚОЛЖЕТІМДІ НЕСИЕ
БЕРІЛУІ КЕРЕК

4-бет



АСТАНА
ДАҒҒЫЛДАРЫНЫҢ БІРІ
СҰЛТАНБЕК ҚОЖАНОВ
ЕСІМІМЕН АТАЛСА...

6-бет



МАРХАБАТ
МАҚАМЫ

15-бет

ҚАЗАҚҰНИ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

qazaquni2000@gmail.com

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

№49 (1024) 5.12.2022 жыл



ОЙ ТӨРІНДЕ ЖҮРЕР АҒА

Мүсекең – Мүсілім Базарбаев ағамыз мен үшін осындай ой төрінде жүрер қадірлі жандардың бірі. Ол менің «есте қалған күндерімнің» елең-алаң айдынында өзінің ерекше сыпайы мінезімен, зиялы болмысымен, зерек ойларымен, сирек қалпымен қалған адам.

8-9
бет

ЕКІБАСТҰЗДЫ ЖЫЛУСЫЗ ҚАЛДЫРҒАНДАР ҚАТАҢ ЖАЗАЛАНУҒА ТИІСТІ



Екібастұздың экономикалық әлеуеті жоғары деп босқа айттып отырған жоқпыз. Екібастұз қаласы өзінің жастығына қарамастан теңдесі жоқ алып кәсіпорындарымен кеңінен танылған. Қысқа ғана мерзім ішінде Қазақстанның «қара алтынды» жерінде пайда болған, аты аңызға айналған қала десек те болады. Кеңестік кезеңнің өзінде Екібастұзда кен өндіру саласы бойынша көптеген алдыңғы қатарлы технология өмірге келді, жаңа үлгідегі құрал-жабдықтар зерттеліп, сынақтан өтіп, осы аймақта алғаш рет іске қосылғаны белгілі. Екібастұз қаласы – ежелден еңбек етіп келе жатқан кеншілер мен энергетиктердің мақтанышы. Өйткені осы қаланы жергілікті еңбекшілер өз қолымен тұрғызды. Қазақтың құт қонған осы бір қасиетті жерінің қойнауында тас көмірдің жүздеген жылдарға жететін мол қоры бар.

3
бет



МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛГЕ МИЫ ЖЕТПЕЙТІНДЕРДІ ҚЫЗМЕТКЕ КІМ АЛСА, СОЛАР АУДАРМАШЫ БОЛСЫН!

Мемлекеттік қызметте Мемлекеттік тілді білмейтіндер қаптап жүр! Мемлекеттік тілді білмей Мемлекеттік қызметте, Үкімет пен министрлікте басшылыққа дейін, Президент әкімшілігі мен әкімдіктерде жоғары лауазымды қызметтерді қалай атқаратынына 31 жылда да басымыз жетпей қойды! Шынын айтқанда, бұл 31 жылда билік Мемлекеттік тілді табанға таптап, яғни Мемлекетті, Тәуелсіз Қазақ Елін қорлаумен келе жатыр!

5
бет

КАК ВОЗРОДИТЬ ЧИСТЫЙ КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК? – РЕКОМЕНДАЦИИ ПИСАТЕЛЯ

Древний красивый казахский язык мало кто знает, не говоря уже о бытовом. Интерес к нему пытаются привить через мифы, легенды и сказки. Однако книги со сказками на казахском языке не так популярны, как на русском...

12
бет



БАҒА ҚАШАНҒА ДЕЙІН ШАРЫҚТАЙДЫ?

«Қазақ елінде инфляцияның төмендеуіне әзірге ешқандай алғышарттар жоқ. Сондықтан болжам бойынша жыл соңына дейін елімізде инфляция деңгейі 20-21%-ға жетуі, тіпті одан асуы мүмкін.

7
бет

ПРЕЗИДЕНТТИҢ ФРАНЦИЯҒА РЕСМИ САПАРЫ НӘТИЖЕЛІ БОЛДЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Францияға ресми сапары нәтижелі аяқталды. Президент Макронмен кездесуде екіжақты қарым-қатынастардың көптеген аспектісіне қатысты ұстанымдар нақтыланып, түрлі салалар бойынша өзара ынтымақтастыққа байланысты 35 маңызды құжаттарға қол қойылды.

Мемлекет басшысы Францияға жасаған ресми сапары аясында Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының Бас хатшысы Матиас Корманмен кездесу өткізді. Кездесу барысында Президент Қазақстан мен ЭЫДҰ арасындағы табысты ынтымақтастық деңгейін атап өтті. Ұйыммен ынтымақтастық орнатқалы бері Қазақстан ЭЫДҰ-ның 42 құқықтық құжатына қол қойған, 37 органының жұмысына қатысады және түрлі салалық құжаттың белсенді мүшесі. Сонымен қатар Қазақстан ЭЫДҰ-ның Еуразия елдерінің бәсекеге қабілетін арттыру, жемқорлықпен күрес және жасыл экономиканы дамыту жөніндегі



өңірлік бастамаларына белсенді түрде қолдау көрсетеді. Кездесу нәтижесінде Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы арасындағы Өзара түсіністік туралы меморандумға өзгерістер енгізу туралы хаттамаға қол қойылды.

Сонымен бірге Президент Францияның жетекші компанияларының басшыларымен де кездесті

— Біз ортақ экономикалық және саяси мүдделерімізді одан әрі ілгерілету үшін Франциямен

және жалпы Еуропамен арадағы қарым-қатынасты жолға қойғымыз келеді, — деді өз сөзінде Қасым-Жомарт Тоқаев. Мемлекет басшысы Қазақстан еркін және бәсекеге қабілетті нарықтық экономиканы нығайтуды көздеп отырғанын атап өтті. Сондай-ақ монополиядан арылу Қазақстанды қуатты, бәсекеге қабілетті және инвесторларға тартымды етеді деп санайды. Ол бизнес ахуалды жақсарту үшін заңнамаға одан әрі тиісті өзгертулерді енгізуге дайын екенін жеткізді.

МИНИСТРЛЕР БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ НАУҚАНЫН ҚОЛДАДЫ

Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі мен оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов баспасөзге жазылу науқанына орай Астанадағы «Қазпошта» бөлімшесіне барып, бірқатар балалар басылымына жазылды.

Дархан Қыдырәлі: «Биыл Президент тапсырмасына орай «Балалар жылы» болып жарияланғаны белгілі. Өскелең ұрпақтың болашағына баса мән беру — мемлекеттік идеологияның басым бағыттарының бірі. Осы ретте балаларға арналған басылымдарды қолдау негізді деп білеміз», — деді.

Дархан Қуандықұлы Мемлекет басшысы жаңа президенттік мерзімдегі бірінші Жарлығын ауылдарды дамыту мәселесіне арнағанын, ауылдардың баспасөзбен қамтылуы, оларға басылымдардың уақтылы жетуі аса маңызды екенін, бүгінгі жасалып жатқан нақты істер өз нәтижесін береді деп ойлайтынын айтты.

Айта кету керек, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі мен

«Қазпошта» АҚ ақпарат саласын дамыту бойынша ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойған. Оның аясында республикалық және өңірлік баспа басылымдарын уақтылы жеткізуді жүзеге асыру жөнінде келісім де бар. Сонымен бірге министр мерзімді басылымдарға онлайн жазылу үшін министрлік тарапынан қолдау жұмыстары жасалып жатқанын жеткізді.

Өз кезегінде Асхат Аймағамбетов: «Педагог мәртебесі туралы» заң қабылданғалы бері мұғалімдерді газетке жазылуға міндеттеп, мәжбүрлемейді. Қазір бұл үшін әкімшілік жауапкершілік бар. Біз мұндай фактілерді болдырмаймыз. Алайда мектептердің өздері бөлінген бюджет есебінен балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханалары үшін балаларға арналған газет-журналдарға жазыла алады», — деді. «Қазпошта» АҚ басқарма төрайымы Әсел Жанасова баспа басылымдарға жазылу науқанына байланысты жұмыспен таныстырды.

ТОЛЫҚ ЕМЕС ОТБАСЫЛАРҒА ЖЕҢІЛДІКПЕН ИПОТЕКА БЕРУ ҰСЫНЫЛДЫ

Сенатор Серік Шайдаров баспанаға мұқтаж толық емес отбасыларға жылдық 2%-дық мөлшерлеменен ипотека беру қажет екенін айтты.

Депутат жақында толық емес отбасылар жылдық 2%-дық пайызбен үй алу мүмкіндігі «Бақытты отбасы» бағдарламасынан шығарылғанын атап өтті.

«Мұндай шешім бірнеше себепке байланысты қабылданды. Соның бірі еңбек және халықты әлеуметтік

қорғау министрлігінің дерегіне, ажырасқандар санының екі есе өсуі. Мәселен, 2019 жылы — 27,4 мың, ал 2020 жылы 59,8 мың ажырасу тіркелген. Мүмкін, бұл жерде шындық бар шығар. Алайда бүгінде 148 мыңнан астам толық емес отбасы баспанаға мұқтаж екенін түсіну керек» — деді сенатор.

Депутаттың айтуынша, оның 60%-ы табысы бір күнкөріс деңгейінен төмен отбасылар. Мұндай отбасылардың көпшілігі үшін жылдық 5%-пен тұрғын үй алу қиын.

Сондықтан депутат баспанаға мұқтаж халықтың әлеуметтік осал топтарын айқындау жөніндегі тәсілдерді қайта қарау қажет екенін атап өтті. «Уәкілетті мемлекеттік органдар осы мәселені жан-жақты зерделеп, үйге шынымен де мұқтаж толық емес отбасылар үшін жылдық 2%-бен несиелік тұрғын үй алу тетігін, соның ішінде халықтың осы санатын тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі қолданыстағы бағдарламаларға өзгерістер енгізуді айқындауы қажет» — деді депутат.

ӘКІМДІКТЕР АРҚЫЛЫ ҮЙ КЕЗЕГІНЕ ҚОЮ ТОҚТАТЫЛДЫ

Енді әкімдіктер арқылы кезекке қою тоқтатылады. Баспана кезегінде тұрғандардың базасы ««Отбасы банкіне» берілді. Бұл туралы Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі Еркебұлан Дауылбаев мәлімдеді.

Оның айтуынша, министрлік тұрғын үй саясатын реформалау туралы жаңа заң жобасын әзірледі. Қазір ол парламент мәжілісінің қарауында. Аталған заң жобасы аясында есепке алу мен басымдықтарды анықтауға және табысқа байланысты мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру тетігін өзгерту жоспарлануда. «Жаңа тетікке сәйкес, жергілікті атқарушы органдардың кезекте тұрғандардың ағымдағы базасы (623 мың адам) «Отбасы банк» АҚ-ға беріледі және әкімдіктер арқылы кезекке қою тоқтатылады», — деді вице-министр.

Аталған заң қабылданғаннан кейін Тұрғын үймен қамтамасыз



ету орталығы құрылады. Осы орталықтың базасында соңғы 10 жыл ішінде баспанасы жоқ барлық азамат кезекке тұрады. Әрбір өтінімге отбасының табысын, мүлкі мен активтерін ашатын цифрлық портрет қалыптастырылады. Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы мемлекеттік деректер базасымен интеграцияланған бірыңғай ақпараттық база болады.

Ашығын айту керек, кезінде әкімдіктерге үй кезегіне өз таңыстарын алға қойып, өзгелердің кезегін кейін сырғытқан көптеген фактілер анықталған-ды. Бұл фактілер анықталған-ды. Бұл фактілер анықталған-ды. Бұл фактілер анықталған-ды.

АЗАМАТТАРДЫҢ НЕСИЕСІН КЕШІРУ ҚАЛАЙ ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ?

Қаржы министрлігі ұсынған ақпаратқа сәйкес азамат берешегін төлей алмайтындығын растай алған жағдайда ғана банкроттық жарияланады. Оны дәлелдеу үшін жауапты мекемелерден оннан астам құжат жинап өткізу керек.

Егер банкроттықты қолдан жасаса, әкімшілік тіпті, қылмыстық жаза да қарастырылған. Сондай-ақ несиеді төлей алмай өзін банкрот деп жарияланған адам лауазымды қызметтерді де атқара береді. Тек жеке тұлғаның несие тарихы бұзылады.

Бүгінде өзін-өзі банкрот деп жариялайтындардың саны шамамен 1,5 миллионға жетеді. Заң жобасы қабылданған соң банк, микроқаржы ұйымдар мен коллекторлық агенттікке өтіп кеткен қарыз ғана кешіріледі. «Қазір банктер киім, тұрмыстық техника сататын, ішіктер сатуға кетіп қалды. Бұл дегеніміз халықтың киінуге қаражаты жоқтығының көрсеткіші. Банкерді жаман үйретіп жатырмыз. Банк қорықпайтын, ерсе Қазақстан азаматы қайтара алмайтын болса, Үкімет оны кешіреді. Мұның тоқтауы болуы керек. Егер жүйелі түрде мұның тоқтауы болмаса, біз халқымызды жоспар құруға баули алмаймыз» — дейді экономист Рашид Жаксылықов.

Алимент төлеуден жалтарғандар өздерін банкрот санатына жатқызса алмайды. Бұл жерде «жұмыстан шығып қалдым, табыс көзім жоқ» деген уәж қабылданбайды. Сондай-ақ бөтеннің денсаулығы мен өміріне зиян тигізгеніңіз үшін өтемақы төлеу мойныңызға ілінсе, одан да құтылмайсыз.



ЕЛІМІЗГЕ ЖАҢА ҰЯЛЫ БАЙЛАНЫС ОПЕРАТОРЫ КЕЛЕДІ

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин «Қазақтелеком» құрамынан тағы бір оператор шығарылатынын мәлімдеді.

Бағдат Мусин сенаттың жалпы отырысынан кейін өткен баспасөз мәслихатында тілшілердің ұялы байланыс операторлары интернет тарифтерін неге көтеріп жатқанына қатысты сұрағына жауап берді. «Бәсекелестік орта әділетті тарифтер мен сапалы интернетті қамтамасыз етуге ықпал етеді. Сондықтан министрлік құзырлы орган ретінде тиісті заңдарды даярлауы керек. Яғни депутаттармен талқылап, сол заңдарды қабылдау маңызды болып тұр. Осы орайда әділетті тариф қолатынына сенемін» — деді министр. Сонымен бірге ол «Қазақтелеком» құрамынан бір оператор шығарылатынын атап өтті. «Монополиясыздандыру комиссиясында да осы мәселені көтердім. Біздің нарыққа басқа да операторларды кіргізу керек. Сондықтан Үкімет басшысының деңгейінде бұл мәселені талқылап, «Қазақтелеком» мен «Самұрық-Қазынаға» тиісті іс-шараларды пысықтауды талап ретінде қойдық. Яғни, бір операторды «Қазақтелекомның» ішінен шығарып, нарықтық ортада басқа бизнесмендерге беру керек екенін айтып отырмыз. Олар бұл бағытта жұмыс істеп жатыр. Келер жылдың басында өтетін комиссия отырысында атқарып жатқан жұмыстарын баяндайтын болады» — деді Бағдат Мусин.

«ҚАЗФОСФАТ» ЖҰМЫСШЫЛАРЫ ЕРЕУІЛГЕ ШЫҚТЫ

«Қазфосфат» ЖШС Жаңатас кен орнында жұмысшылар ереуілге шықты. Олар зауыт басшылығынан талап етуде.

«Бұл факті бойынша 20 ерікті қызметкерден тұратын жұмыс тобы құрылды. Топ құрамына цех басшылары, кәсіподақ өкілдері кірді, өзекті мәселелер бойынша жұмыстар жүргізілуде, — деп хабарлады облыс әкімдігіндегі баспасөз қызметі. Кәсіпорындағы жағдай тұрақты және облыс әкімінің жеке бақылауында екені атап өтілді.



Айта кетсек, бұған дейін Тараздағы «Қазфосфат» ЖШС жұмысшылары ереуілге шыққан болатын. Ол кезде Ресейден келген жаңа басшы зауыт қызметкерлеріне қатысты айтқан мәлімдемесіне байланысты туындаған.

Еліміздің ғана емес, әлемдегі алып отын-энергетикалық орталықтардың бірі саналатын – Екібастұзда шаһарды жылумен, ыстық сумен қамтамасыз етуге тиісті орталық қазандық жұмысын тоқтатып, төтенше жағдай орын алды. Оған қаладағы жылу құбырларының 10-15 жерден жарылуы себеп болған. Басқа-басқа, қақаған қыста қала тұрғындарын бүрсендеткен осы жағдайдың көмірдің үстінде отырған кеншілер мен энергетиктер қаласында орын алуы жұрттың жағасын ұстатты. Өйткені экономикалық әлеуеті жоғары қаланы осындай күйге түседі деп ешкім ойламаған-ды. Әй, бірақ бүгінгі күні біздің елде ештеңеге де таңғалуға болмай-ды ғой...

қаласы еліміздегі тоқсаныншы жылдардағы жаппай дағдарыс кезінде де өз деңгейін сақтап қалды. Зейнеткерлерге зейнетақы бере алмай жатқанда бұл қалада өндіріс орындары отын өшірмеген-ді. Кеншілер мен энергетиктер уақтылы жалақыларын алып тұрды. Кейбір деректерге қарағанда қазір бұл қалада шамамен 150 мыңдай адам тұрады. Оның басым бөлігі – жердің негізгі иесі жергілікті ұлт, қазақтар. Кеншілер қаласындағы осы орын алатын апаттық жағдайға байланысты қазір неше түрлі негізді де негізсіз себептер айтылуда. Алдымен шаһарды жылумен қамтамасыз етуге міндетті бұл кәсіпорынның иесі кім дегенді анықтап алу қажет. Өйткені қазір қайда барсаң да, қай кәсіпорынды алсаң да жекеменшіктің қолында. Жекеменшік болғанда да қалталылардың иелігінде болып



ЕКІБАСТҰЗДЫ ЖЫЛУСЫЗ ҚАЛДЫРҒАНДАР ҚАТАҢ ЖАЗАЛАНУҒА ТИІСТІ

Енді міне мамандар сақылдаған сары аязда коммуналдық апатпен әлі де арпалысып жатыр. Қақаған қыс ортасында бүкіл қала халқы жылу мен ыстық судан қағылып, күтпеген жерден қиындыққа тап болды. Апат салдарын толық жою онайға түспейтін сынайлы. Екібастұзда мектеп оқушылары онлайн оқуға көшіп, балабақшалар жабылды. Қалада тұрғындар үшін он шақты жылыту бекеттерін ашуға тура келген. Кейбір ауруханалардағы науқастарды шұғыл түрде Павлодар қаласына ауыстыруға мәжбүр болғандары да айтылуда.

Екібастұздың экономикалық әлеуеті жоғары деп босқа айтып отырған жоқпыз. Екібастұз қаласы өзінің жастығына қарамастан теңдесі жоқ алып кәсіпорындарымен кеңінен танымал. Қысқа ғана мерзім ішінде Қазақстанның «қара алтынды» жерінде пайда болған, аты аңызға айналған қала десек те болады. Кеңестік кезеңнің өзінде Екібастұзда кен өндіру саласы бойынша көптеген алдыңғы қатарлы технология өмірге келді, зерттеліп, сынақтан өтіп, осы аймақта алғаш рет іске қосылғаны белгілі. Екібастұз қаласы – ежелден еңбек етіп келе жатқан кеншілер мен энергетиктердің мақтанышы. Өйткені осы қаланы жергілікті еңбекшілер өз қолымен тұрғызды. Қазіргі күні қатты осы бір қасиетті жерінің қойнауында тас көмірдің жүздеген жылдарға жететін мол қоры бар. №1, №2 алып электр станцияларының іске қосылуы барысында Екібастұз бүкіл еліміз бойынша жылуэнергетикалық кешенінің ең ірі орталығына айналды. Ондағы жылдар бойы «Боғатыр», «Солтүстік» және «Шығыс» кеніштерінде миллиондаған тонна көмір өндіріліп келеді. Екібастұз көмірі Қазақстанның, Орал, мен Батыс Сібірдің электр станцияларының жұмысын үздіксіз отынмен қамтамасыз етіп отыр. Одан бөлек вагон жасау және өзге де бірқатар ірі кәсіпорындар жұмыс істейді. Екібастұз маңындағы «Бозшақөл» кеніштерінен түрлі пайдалы қазбалар, әсіресе мыс мол көлемде өндіріледі. Кеншілер

шығады. Ашығын айтсақ сол қалталыларды да біз өз қолымызбен жасап алғанымыз жалған емес. Бүгін басы бәлеге қалып отырған «Екібастұз Жылу электр орталығы» (ТЭЦ) мен «Екібастұз Жылу Жүйесі» кәсіпорындары «Екібастұз Жылу-Энерго» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі құрамына кіреді екен. Ол өз кезегінде «Павлодар-Энерго» акционерлік қоғамның қарамағында. Осы аталған кәсіпорындардың бәрі «Орталық-Азия электроэнергетикалық корпорация» деген күшітінің құзырында, еншілес компаниялары болып табылады. Қарап отырғандарыңыздай, бұл кәсіпорындардың түпкілікті иесіне жетудің, оның аты-жөнін анықтаудың өзі онай емес. Орыстардың «Матрешка» қуыршақтары секілді. Бірін ашсан ішінде екіні шығады, екіншісінен үшіншісі шығады, шексіз жалғасып кете береді. Бұл біздегі қойдан қойшы көп дегенді көрсетеді. Еліміздегі кез келген саланы алсаңыз да ортадағы делдалдардан аяқ алып жүре алмайсыз. Соның бәрі тауарлар мен қызметтің қымбаттауына әкеліп соғады.

Әлеуметтік желілердегі ашу-ызаға толы пікірлерді есепке алмай, тек қана мамандардың осыған орай қандай ойы бар екеніне тоқталып көрелік. БАҚ өкілдеріне берген ресми жауабында «Орталық-Азия электроэнергетикалық корпорацияның» басқарма төрағасы Бағдат Орал бұл апат қаладағы жылу жүйелерінің әбден тозып, ескіруінен болып отырғанын білдірді. Бұл ойы қала тұрғындары үшін жаңалық емес. Оның айтуынша қаладағы жылу жүйелеріне жөндеу жұмыстары жеткіліксіз жүргізілген. Бір ғажабы бүкіл елге оған қала тұрғындары күнәлап шыға келген. Оның пікірінше тұрғындар көрсетілетін қызметке орай коммуналдық төлемдерді уақытында төлемейді. Басшының есептеуінше қалада жылына 25 шақырым жылу жүйелерін жөндеу қажет. Сол кезде ғана апат азаймақшы. Ал іс жүзінде соңғы 15 жылда небары 45 шақырымдық жылу жүйелеріне жөндеу жасалған. Ал 2022 жылы бар-жоғы 600 метр жылу жүйесі

жөнделіпті. Бұдан басшының есепке жүйік екені көрініп тұр. Бірақ ол қандай есеп? Басшы маман жылу тарифінің төмендігін алға тартады, сондықтан жөндеу жұмыстары қаржы жетпейді дейді. Алдағы жөндеу жұмыстары бойынша 3 млрд. теңге жоспарланған. Оның 1,8 млрд. теңгесі станция мен 5 қазандықты күрделі жөндеуден өткізуге, қалған 1,2 млрд. теңге жылу жүйелерін жөндеуге бағытталған. Бұл ақшаға бүгінгі бағамен 4-5 шақырым жылу жүйесін ғана жөндеуге болады екен. Сондықтан 25 шақырым жылу жүйесін жөндеу үшін қазіргі кезде кем дегенде 6-7,5 млрд. теңге қаражат қажет деп отыр басқарма төрағасы. Ал жылу үшін тарифті көтерген жағдайда екібастұздықтар бұл қомақай компанияға бұрынғының үстіне тағы да 4,8-6,3 млрд. теңге ақша құятын болады. Сөйте тұра корпорация басшысы Бағдат Орал «Екібастұз Жылу Энерго» тариф төлемінің қымбатшылығы жағынан елімізде 5-6 орында тұр дейді. Бұл сөзіне қарағанда көмірдің үстінде отырған алып жатқандықтар жылуы теңіні алып жатқандық көрінеді. Ал, корпорация өзінің ортадағы сансыз делдалдары арқылы қанша пайда көріп жатқаны туралы айтпайды. Кез келген тауардың өзіндік құны бар екенін ол білмейтін сияқты. Жылу мен электр қуатын өндіру үшін ең қажетті отынды жер түбінен тасып жатпағанын есепке алмайтын сияқты. Сол қазақ жерінен алынған көмірдің де қазаққа тиесілі екенін мүлдем ұмытыпты. Кезінде депутаттар осы сала мекемелері тарифті өсіру арқылы өндірістегі құрал-жабдықтарды жаңасына ауыстырудың орнына өздеріне қымбат жатқандар ескерту жасағанын бұлар естімеген болу керек. Естісе де құлақтарына қыстырмаған. Айта кетелік, «Орталық-Азия электро-энергетикалық корпорацияның» ресми сайтындағы 2021 жылдың 31 желтоқсанда берілген деректер бойынша бұл компанияның акцияларының 47,1% Александр Клебановқа тиесілі екен. Тағы да осынша пайызы Сергей Канның иелігінде. Бұлар да кезінде қалтасы

тесік қарапайым халық арасынан шыққан азаматтар. Сөйте тұра компанияның осыншама акциясын қалай сатып алып екеуі де Қазақстанның миллионер байлары қатарында. Бай болғанына ешкім қарсы емес, қарамағындағы кәсіпорынның құр сүлдесін қалдырып, апатты жағдайға алып келгені, сөйтіп қала тұрғындарын аязда қалтыратқаны оларды толғандырмайтын сияқты. Рас, Александр Клебанов апаттан соң кеншілер қаласына келіп төбе көрсетіпті. Тіпті «Біз жекеменшік компания ретінде мына апатты жағдайға толық жауаптымыз. Апаттың бетін қайтаруға біздің қаржылық мүмкіншілігіміз жетеді» - деп мойындаған да көрінеді. Сонда компания қоржынында қаржы болса, кәсіпорынның жағдайын жете біле тұра құрылғыларды жаңасына ауыстыру мен жөндеу жұмыстарын неге уақытында жүргізбеген? Әлде бұлар да «АрселорМиттал Теміртау» сияқты адам шығыны болмай қимылдамайтын, пайдалан басқаны ойламайтын бай кәсіпкерлерге тән қайлап қалған қағидамы ұстана ма? Өздерін миллионер еткен халықпен санаспайтын бұлар кімдер еді сонша?

«Қыс арбанды, жаз шанаңды сайла» деген халық даналығын біздің бай бизнесмендер мен әкімдер қаперіне алмайтын секілді. Өйткені мұндай апаттар бір ғана Екібастұзда ғана емес, Қостанай аймағының Рудный қаласында, Шығыс Қазақстан облысындағы Риддер қаласында бірнеше рет орын алды. Өзге қалалардағы жағдай да мәз емес. Алысқа бармай-ақ Екібастұздың облысы орталығы – Павлодар қаласының өзін алып көрелікші. Мұнда да Екібастұз апаты қайталануы әбден мүмкін. Өйткені қаладағы жылу жүйелерінің 87 пайызы ескіріп, тозығы жеткен. 2020 жылы құрылғыларды ауыстырып, жөндеу жұмыстарын қатырамыз деген уәдемен Павлодар қаласында жылу беру тарифін 10 пайызға көтерген-ді. Бірақ ол да құрғақ уәде болып шықты. Осыдан екі жыл бұрын сонау 1964 жылы пайдалануға берілген «№1

Жылуэлектр орталығында» апатты жағдай орын алған болатын. Бұл кәсіпорын атақты ERG иелігінде, оның акционерлері – Қазақстан үкіметі және Патох Шодиев, Ибрагимовтар отбасы, Александр Машкевич. Қаладағы жылу жүйелері жарамсыз күйде болғанмен олардың иелерінің жағдайы жақсы. Бір ғана А. Машкевичтің байлығы 3,7 млрд. доллармен есептеледі. Байқап отырғандарыңыздай осы аттары аталған миллионерлер мен миллиардерлердің біреуінің де қань қазаққа қосылмайды. Сонда ата-балаларымыздан өз ұрпақтарына мұра болып қалған қазақ жері өзгелерді байыту үшін жаралған ба?..

Екібастұз жылу электр орталығындағы апаттан кейін Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жақында Үкіметке мәселесі көп жылу-энерго орталықтарын мемлекет меншігіне қайтару керектігі жөнінде тапсырма бергені белгілі. Тұрғындарға көмек көрсетіп, апатқа жол бергендерді жазалау керектігін де айтты. Себебі, энергетикалық активтерді сапасыз басқару салдарынан жылу электр орталықтары апатқа жиі ұшырап жатыр. Бұл қаламды сарапшылар да құптайды. Жылу қазандығын мемлекет көмегінен ауыстыру мүмкін еместігін айтады. Қожайындарының салғырттығы осындай күйге жеткізді дейді сарапшы мамандар. «Екібастұз жылуэлектр станциясының басшылығы көп қаражат жұмсадық деп ойлайды. Бірақ шынығында олай емес. Ақиқатында атқарылған жұмыстардың бәрі тек қағаз күйінде ғана. Сондай жалған есептерді тоқтырып 15 миллиард теңгеге дейін жеткізген» дейді Павлодар облысы антимонопольялық кеңестің мүшесі Юрий Павленко.

Екібастұздағы жылу желілерінің өте сапасыз жөнделгенін осы жолғы апат ашық көрсетіп берді. Сондықтан Екібастұз халқы Президент пәрменінен кейін биліктелгілер нақты бір әрекет етеді деп үміттенеді. Президент тапсырмасына қатысты Үкіметіміз қандай шұғыл шара қолданды? Рас, іле-шала бұған Үкімет жауап қатты. «Проблемалық энергетикалық нысандардың мәселелері бойынша жұмыс жалғасады. Жалпы осы уақыт ішінде республика меншігіне телекоммуникация, теміржол инфрақұрылымы және экология салаларындағы 10 ірі компанияның акция пакеті мен қатысу үлесі қайтарылды. Тағы 20 нысан бойынша пысықтау жұмыстары жүргізілуде, оның ішінде бірқатар ЖЭО, мұнай-газ және тежіржол секторларының өндірістік объектілері, логистикалық, машина жасау активтері және т.б. бар» деген тағы да сол баяғыдай жалпылама жауапты сақ еткізді.

Бір қызығы, кеншілер қаласында әкімдікте өткен кездесуде А. Клебанов өз үлесін (47,1%) үкіметке бір теңгеге сататынын мәлімдеді. Яғни тегін беремін деген сөз. Бұны қалай түсінуге болады? Алансыз асаудың кезеңі өтіп, қыспақ таянғанын сезгендіктен болар бұл әрекеті. Бұнысы «Алатынымды алдым, қалғанын керек болса өздерін жөндеңдер» деп, етін сылып алып сүйегін кейін лақтырғанмен бірдей ғой. Ал мемлекетке жылдар бойы келтіріп шығындарды өмірді қазір заңсыз жекеменшіктелген нысандарды қайтару кезінде осы жағдайды да ескеру қажет. Халық мүлкін алаңсыз тонаған қылмыскерлер заңдық тұрғыдан тиісті жазасын алуға тиісті. Сол жаппай жемқорлыққа жол берген жоғарыдағы лауазымдылар да жауапқа тартылуы керек.

«АҚ ЖОЛ» ЕКІБАСТҰЗДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ПАРЛАМЕНТТІК ТЕРГЕУ ЖҮРГІЗУДІ ҰСЫНДЫ

«Ақ жол» Екібастұздағы жағдай бойынша Парламенттік тергеу жүргізуді ұсынды. Бұл туралы «Ақ жол» фракцияның тиісті депутаттық сауалын Фуат Сатыбаев жариялады.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ
Ә.А. СМАЙЫЛОВҚА**
**ҚР БАС ПРОКУРОРЫ
Б.Н. АСЫЛОВҚА**



ғанда, парламент пен мәслихаттардың рөлін күшейту туралы айтылған Конституциялық реформа Павлодар облысын айналып өткен секілді?

«Ақ жол» фракциясы Мәжілісте сонау 2012 жылы Екібастұз бен басқа да қалалардағы желілерді ұстауды жеткіліксіз қаржыландыру мәселесін көтеріп, сол кезде де монополистер қорларды жаңартуға инвестиция салудан жалтарып, инвестициялық тарифтен түскен қаражатты акционерлерге берілетін дивидендтер арқылы шығарып алған.

Үш ай бұрын, осы жылдың 7 қыркүйегінде, Павлодар облыстық мәслихатының сессиясында «Ақ жол» партиясынан сайланған депутат Павел Ярошенко облыс әкіміне «Екібастұзда алдағы жылу беру маусымына дайындық қандай және Екібастұз жылу электр орталығын шұғыл жөндеу жұмыстары қашан басталады?» деп нақты сұрақ қойған болатын.

Бұған облыс әкімі: «Биылғы жылыту маусымына дайындық әдеттегідей жүріп жатыр.

ЖЭО компаниясының барлық акционерлері мен басшыларының кепілдіктері бар» деп жауап берген еді. Бірақ мемлекеттік органдар акционерлердің кепілдіктерін бақылауы керек шығар? Ал бұл бақылау қайда?

Қазір осы және республика бойынша басқа да ондаған компания иелерінің объектілер мен желілерді жаңарту мен жаңғыртуға ешқандай инвестициясыз ондаған жылдар бойы пайдалану жауапкершілігі туралы сұрақ туындайды. Тұтынушылар өздерінің ағымдағы шығындарын ғана емес, сонымен қатар «инвестициялық тариф» деп аталатын төлемдерді де тұрақты түрде төлеп отырған.

Сонымен қатар, жылу беру маусымына дайындық кезінде желілерді гидравликалық сынақтан өткізуге кепілдік берілгеніне қарамастан, бұл сынақтардың нәтижелері қоғамға да, депутаттарға да ұсынылмады.

Осыған байланысты «Ақ жол» фракциясының депутаттары келесі мәселелер бойынша жауап беруді сұрайды:

1. Облыс басшылығы сендіргендей, жылыту маусымы қарсаңында қаланың жылу жүйелерін дайындау және сынақтан өткізу (қысым сынау) жүргізілді ме? Ол қандай нәтиже көрсетті?

2. Екібастұз жылу желілерінің жылыту маусымына дайындығы туралы мемлекеттік органдардың ресми қорытындылары бар ма?

3. Екібастұз қаласы бойынша жылыту маусымына дайындық бойынша тиісті деңгейде бақылау жүргізілмегені үшін нақты кім жауапты?

4. Зардап шеккен азаматтарға өтемақы мен тұрғындардың үйлеріндегі жылу жүйелері кімнің есебінен төленіп, қалпына келтіріледі?

Сонымен қатар, мына мәселелерді де қарастыру қажет деп санаймыз:

5) Олигархтардың ондаған жылдар бойы «инвестициялық мөлшерлеме» бойынша алған миллиардтаған ақшаны қайтаруы туралы, белгілі болғандай, бұл қаржы ешқайда инвестицияланбай, қалтаға салынып отырған.

6) Қалаларымыздың өмір сүруін қамтамасыз ету жүйесін олигархтардың қолында одан әрі сақтаудың орынсыздығы туралы, бұл жүйелер халық пен кәсіпорындардан тиісті инвестициясыз ақша бопсалау үшін әбден тозығы жеткенше пайдаланып келгені анықталды.

7) Өздерінің әрекетсіздігі арқылы жүздеген мың азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндірген жеке компаниялардың да, мемлекеттік органдардың да лауазымды тұлғаларына қылмыстық іс қозғап, жауапкершілікке тарту туралы.

Екібастұздағы ірі апаттың себептеріне депутаттық тергеу жүргізуді ұсынамыз.

**Құрметпен, «Ақ жол»
партиясының депутаттары**

*«Ақ жол» партиясының
баспасөз қызметі*

ШАРУАЛАРҒА ҰЗАҚ МЕРЗІМГЕ ҚОЛЖЕТІМДІ НЕСИЕ БЕРІЛУІ КЕРЕК

«Ақ жол»: Шаруаларға ұзақ мерзімге қолжетімді несие беру жолын қарастыру қажет. Бұл туралы «Ақ жол» фракцияның тиісті депутаттық сауалын Азамат Әбілдаев жариялады.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ
Ә. А. СМАЙЫЛОВҚА**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Ауыл шаруашылығы экономиканың жаңа қозғалуы күшіне өркендетуге басымдық береміз» деп атап көрсетті.

Бұл сөз жок, мемлекеттің алдында тұрған күрделі және мәні зор қажетті міндет. Осы кешенді бағыт-бағдардың жүзеге асуына бірден-бір жауапты министрліктер мен ведомстволардың жұмысы барынша жанданып, экономикалық тиімділігі анағұрлым артуы тиіс еді.

Алайда, шын мәнінде бұлай болмай отыр. Парламент Мәжілісінің осы залында екі жылдан бері біз ауыл шаруашылығының проблемаларын жүйелі және дер кезінде шешуге қатысты қаншама депутаттық сауал жолдадық. Өкінішке қарай, баяғы жартас, сол жартас. Шаруалардың жанайқайын Үкімет әлі естімей келеді.

Қағаз жүзінде бері де қатып тұрғаны болмаса, айтарлықтай өзгерістерді қарапайым адамдар сезініп отырған жоқ. Біз бүгіндері өз міндетін орындауда Ауыл шаруашылығы министрлігінің халық алдында қалай есеп беретініне қайран қаламыз. Себебін айтсақ, есініз шығады.

Мәселен, ветеринария жұмысында былық пен кемшіліктер шаш етектен. Жарты жыл бойы осы салаға жауапты комитет төрағасы мен вице-министр тағайындалмады.

Соның салдарынан 8 ай бойы егілетін вак-

цина қолға тимеді. Соншама уақытта жиналған екепін бір айда жаппай салуға болмайтынын, оның оқуын оқымаған шаруа да біледі. Мұның ақыры қаншама мал ауруға ұшырап, мол қаржыға сатып алынса да, пайдаланылмаған екеп қоқысқа төгілді. Экспортқа суытылған ет шығарамыз деген үмітінен айырылды. Бірақ, министрлік міз бақпады.

Өткен жылы біраз аймақтарда жемшөп тапшылығынан жұт болды. Үкіметтің қажетті көмегі дер кезінде көрсетілмеді. Министрлік болса, ашқұрсақ малдың жайын ескермей, егер төлі 75 пайыз болмаса, субсидия берілмейді және зоотехнолога бойынша 5% артық шығын болмау керек деген бұйрық шығарды.

Малшылардың бірі субсидиядан айырылса, екіншісі құжаттарын бұйрыққа сай келтіреміз дегеннің арқасында, жалған құжатпен істі болды. Мазасын алған бұл шешімді мал баққан адамдар қолдамады. Арық-тұрақ малдарын сата алмаған ағайындар, уақытында несие қарызын жаба алмай, айыппұл төлеп, кемінде 5 жылға дейін несие алу мүмкіндігінен айырылды. Министрлік болса, бұл мәселеде де ешкімге есеп бермеді.

Дикандар да биыл қиындықтарға тап болды. Мандай терін төгіп, егін еккен адамдар астықтарын өткізе алмай отыр. Парламент Мәжілісі Аграрлық мәселелер комитетінің мүшелері Қазақстан темір жолы, астық өндіру, ұн шығару одақтары және министрлік басшылығының қатысуымен жиын өткізіп, депутаттық сауал да жолдады.

Осыған байланысты, Премьер-министрдің орынбасары Роман Васильевич Скляр 13 қазандағы сауалға жазбаша берген жауабында 10500 вагон бар, экспорттардың бүкіл қажеттіліктері шешіледі деп сендірген еді.

Өкінішке қарай, жағдай түзелмеді. Астықтарын өткізе алмаған дикандар сабылып жүр. Олар енді желтоқсан айына дейін жағдай түзелмесе, несие қарызын өтей алмайды. Келесі жылы несиеден айырылады

деген сөз. Бұған жаны ашып, шырылдаған қай министрді көрдіңіздер?

Енді, елімізде сүт және сүт өндіру ісінде таңғаларлық жағдайдан шу шықты. Еңбек адамдары сүтке берілетін субсидияны екі есе төмендетуді ұсынған Ауыл шаруашылығы министрлігінің тауысына ашу, реніш білдіруде. Бұл неден туындап отыр? Сияр бар, сүт жоқ! дейміз бе сонда?

Агроөнеркәсіп кешенін дамытуға 2021 жылы 219 млрд. бөлінсе, қазіргі уақытта 420 млрд теңге субсидияға көтерілді деді. Ендеше неге фермерлерге берілетін субсидиялар көбеюдің орнына, азайып барады?

Көп жағдайда Үкімет сырғытпа жауап беріп үйреніп қалған. Тағы бір кінәрат - біздегі статистикаға сену қиын. Ел ішінде осы салаға 5 жылда 2 трлн. теңге бөлінді деген ақпарат бар. Бірақ министрліктің әр жылға бөлінген субсидиялары бойынша жазбаша ақпаратқа сүйенсек, 5 жылда ол 1 трлн.ға да жетпейді.

Біз қашанға дейін жалған статистикамен өмір сүреміз? Жалған статистиканы беретіндер жауапқа тартылмай, еш нәрсені өзгермейді.

Жалған деректермен қалай мемлекеттің даму стратегиясын жасаймыз?

Ауыл шаруашылығының субсидияларын қысқарту жалғаса беретін болса, қалай азық-түлік қауіпсіздігін жасап, халықты қажетті тауармен қамтамасыз етеміз?

Мемлекет ағымдағы медицинамен қамтып, мектеп, клуб салып берсе де, ертең соған баратын шал кемпірден басқа адам қалмауы мүмкін. Ол үшін біз ең біріншіден ауыл шаруашылығын көтеріміз керек. Сонда ғана ауылдың өнбесі биік болады.

Кезінде АҚШ президенті Рузвельд 100 жыл бұрын Конгрессті қарсы шығып, ауыл шаруашылық субсидиясын қолдамай, оны қысқарта беретін болсақ, бүкіл Америка Вашингтон мен Нью-Йоркте тұрады деген болатын. Енді біз де сол сияқты, ауыл

шаруашылығының субсидияларын қысқартып, оны басқа салаларға салғанымыз келеді.

Түйіндеп айтсақ, еліміздің ауыл шаруашылығы саласында қалыптасқан, жаңғыртудың жолына шыға алмай, реформалық жетістіктерді өз дәрежесінде қолдамай отырғаны Үкіметтің өз дәрежесінде қолдайтын ауыл шаруашылығына қатысты өзіндік міндеттерді жүзеге асыру туралы есеп беруін жұмыс тәртібіне енгізуді;

- жұмыс жасап отырған шаруаларды қанай бермей, оларға жағдай жасап айыппұл мен пеняны алып тастап, қара тізімді жоюды;

- субсидияларын дер кезінде төлеп, шаруаларға ұзақ мерзімге қолжетімді несие беру жолын қарастыруды сұраймыз.

Сонда ғана, халық пен билік арасындағы тиімділік пен ашықтық қалыптасып, әділеттіліктің құндылығы артады. Сонда ғана халық пен мемлекет алдындағы жауапкершіліктің қатал талабы сұралады.

Депутаттық сауалымызға тиісті заң талабы бойынша жауап беруіңізді сұраймыз.

**Құрметпен, депутаттар
А.Әбілдаев, Қ.Абасов, А.Амирханян,
А.Бердалин, Е.Барлыбаев, Б.Дүйсенбинов,
Е.Ерубаев, Д.Еспаева, А.Жұмабаева,
Қ.Иса, Ф.Қаратаев, А.Қоңыров, Н.Ожаев,
Б.Оспанов, Ш.Осин, Е.Өмірғали,
А.Перуашев, М.Раманқұлов, Б.Сартбаев,
Ф.Сатыбаев, Б.Торғаев, М.Төлепберген,
А.Үйсінбаев, Ғ.Хамзин**

*«Ақ жол» партиясының
баспасөз қызметі*



«XXI ҒАСЫРДАҒЫ АЛАШТЫҢ АҚ ЖОЛЫ»

ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ БАЙҚАУЫНЫҢ ЕКІНШІ КЕЗЕҢІ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

Бүгін Орал қаласындағы Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде «Ақ жол» демократиялық партиясының дәстүрлі «XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы» жалпыұлттық байқауының екінші кезеңі өтті.

Шараға М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Қажымұрат Ахмеденов, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы Сағымбай Жұмағұл, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі, М.Өтемісов атындағы БҚУ Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы Марат Сдықов, «Ақ жол» партиясының Маңғыстау облыстық филиалының төрағасы Жанбырбай Матаев, Алматы облыстық филиалының төрайымы Мейраш Шынаилова, Батыс Қазақстан облыстық филиалы төрағасының орынбасары Виталий Куликов, Партияның Ұлттық кеңесінің хатшысы, аппарат басшысы Асылхан Қожахметов, БҚО Бөрлі аудандық мәслихат депутаты Марат Серік Дүйсенов пен Бақытжан Ғадылшиев және білім ордасының оқытушылары мен студенттері қатысты.

Сараптау комиссиясы байқауға түскен жұмыстарды тексеріп, 4 номинация бойынша жалпы саны 40 үздік жұмысты екінші кезеңге іріктеді.

Жас зерттеушілердің ғылыми еңбектерін байқаудың қазылар алқасының мүшелері филология ғылымдарының докторы, профессор Сағымбай Жұмағұл, тарих ғылымдарының докторы, профессор Марат Сдықов бағалады.

Еліміздің әр аймағынан келген 40 қатысушы «Алаш идеясы және Екінші республика», «Қазіргі заман шындығы аясындағы Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы», «Алаш қайраткерлерінің экономикалық көзқарастары және кәсіпкерлікті дамыту», Алаш тарихының



«актандақтары» номинациясы бойынша бақ сынап, оның 13-і ақтық кезеңге жолдама алды.

Екінші кезеңге өтіп, ғылыми жобаларын қорғаған 27-і қатысушының жұмыстары оң бағаланып, алғыс хаттар және қаржылай сыйлықтармен марапатталды.

Қызу пікірсайыстың нәтижесінде байқаудың ақтық кезеңіне Сүлеймен Құлдан (Жаңаөзен қаласы), Айгүл Өтеміс (Алматы қаласы), Камшат Төреқұлова (Маңғыстау облысы), Мирас Абдрахим (Алматы қаласы), Мадияр Ералыұлы (Тараз қаласы), Жансая Сман (Ақтау қаласы), Акерке Мұхтарқызы (ШҚО), Бақтияр Бутеев (Қарағанды қаласы), Гүлім Жылқайдарова (Астана қаласы), Жауынбай Жылқыбайұлы (Астана қаласы), Надия Жастлек (Орал қаласы), Нұргүл Қамиева (Атырау қаласы), Динара Сисенова (Жаңаөзен қаласы) өтті.

Еске сала кетейік, байқау биыл 11-ші рет ұйымдастырылды. Байқаудың екінші кезеңін еліміздің әр аймағында өткізу дәстүрге айналған. Бұған дейін Семей, Алматы, Қостанай, Қарағанды, Ақтөбе, Тараз, Астана, Ақтау қалаларында өткізілді. Байқаудың ақтық кезеңі 13 желтоқсанда Астана қаласында өтетін болады.

«Ақ жол» партиясының
баспасөз қызметі



Мемлекеттік қызметте
Мемлекеттік тілді
білмейтіндер қаптап жүр!
Мемлекеттік тілді білмей
Мемлекеттік қызметте,
Үкімет пен министрлікте
басшылыққа дейін, Пре-
зидент әкімшілігі мен
әкімдіктерде жоғары лауа-
зымды қызметтерді қалай
атқаратынына 31 жылда да
басымыз жетпей қойды!
Шынын айтқанда, бұл 31
жылда билік Мемлекеттік
тілді табанға таптап, яғни
Мемлекетті, Тәуелсіз Қазақ
Елін қорлаумен келе жатыр!



МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛГЕ МИЫ ЖЕТПЕЙТІНДЕРДІ ҚЫЗМЕТКЕ КІМ АЛСА, СОЛАР АУДАРМАШЫ БОЛСЫН!

Өткен аптаның басында, 14 қарашадағы Парламент Мәжілісінде өткен «Балық өндіру мен шаруашылығын дамыту» тақырыбына арналған Үкімет сағатында Мемлекеттік тілде сөйлей алмайтын «балық» вице-министрлердің «шеруі» өтті. Қазақша қойылып жатқан депутаттар сұрақтарына Ресей Думасына келгендей Ресей тілінде зуылдап жауап беріп жатты. Олару ашығанда, ҚР Ауыл шаруашылығы вице-министрі Жеңіс Өсербай және Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі директорының бірінші орынбасары Айдар Аймурзиндер.

Кезек Ұлттық экономика вице-министрі Тимур Жақсылықовқа келгенде орыс тілділерге тосқауылды Мәжіліс депутаты Елнұр Бейсенбаев қойды:

«Егер менің сұрағыма сізге және ауыл шаруашылығы министрлігіне, шекара қызметінің бірінші орынбасарына қойылғандай қазақ тіліндегі сұраққа орыс тілінде жауап беретін болсаңыз, онда жауап қайтармай-ақ, қойсаңыз болады. Өзге вице-министрден қағаз түріндегі жауапты өзім алып аламын. Мемлекеттік қызметкердің мемлекеттік тілде қойылған қазақша сұрағына өзге тілде — орыс тілінде жауап беруді «нонсен» деп санаймын», — деді депутат.

Елнұр Бейсенбаевтың ауылдағы балықшылардың жағдайы туралы сұрағына Тимур Жақсылықовтың жазып алған дайын қазақша жауабы жаңылысып кетті. «Дипломмен ауылға» бағдарламасы туралы жалпы қысқа мәліметті қазақша бірінші сынып оқушысындай ежіктеп зорға оқып берді.

Бұрыс жауапқа қанағаттанбаған депутат Елнұр Бейсенбаев:

«Құрметті вице-министр мырза, мен сізден «Дипломмен ауылға» бағдарламасының қалай іске асқанын сұраған жоқпын. Мен сізден: «Қанша балықшыны даярладыңыздар? Қанша балықшы диплом алып, ауылға барды? Қанша балықшы үй және әлеуметтік қолдау алды? 2009-дан бері 13 жылда қанша балықшыға қолдау көрсеттіңіз?» — деп сұрадым. Ал «Дипломмен ауылға» бағдарламасын біз сізден артық білеміз. Қанша қаражат бөлініп, қалай іске асып жатқанын. Қанша балықшы бар-



ды, сонымен? Сізде есебі бар ма?» — деп сұрақтың төтесіне көшті.

«Кешіріңіз қазір таңда мемлекеттік тілде сұраққа жазбаша түрде жауап беруге рұқсат етіңіздер», — деп құтылуға тура келді Ұлттық экономика вице-министрі.

Міне, біздің Жаңа Қазақстандағы вице-министрлеріміздің түрлері! Сонда балық туралы сұраққа балықтай ауыздарын аша алмаған басшылар,

ҚР ауыл шаруашылығы вице-министрі Жеңіс Өсербай, ҚР ҰҚК Шекара қызметі директорының бірінші орынбасары Айдар Аймурзин, Ұлттық экономика вице-министрі Тимур Жақсылықовтар мектепте қазақ тіліндегі жауап тек ештеңе бағаға оқығандар болса, мектепті қалай бітірген?

Бұларды мемлекеттік қызметке кімдер және қалай алған?

Еске сала кетейік, 2020 жылы 6 сәуірде ел пандемиядан қырылып, Денсаулық сақтау министрлігінің аузына қарап отырғанда

«БАС САНИТАРДЫҢ РЕСЕЙ ТІЛІНДЕГІ СӨЗІН МИНИСТР АУДАРЫП БЕРЕ МЕ?» — атты мақала жазған болатынбыз Фейсбук парақшамыз бен «Қазақ Үні» сайтында.

Сол секілді осы үш шенеунікті мемлекеттік тілді білмесе де, кім заңсыз жұмысқа алды, солар келіп, осылардың орнына жауап беріп, аудармашылық жасауы керек! Егер олардың өздері де мемлекеттік тілді білетін болса... МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛГЕ МИЫ ЖЕТПЕЙТІН САУАТ-СЫЗДАРТҚЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ КІМ АЛСА, СОЛАР КЕЛІП АУДАРМАШЫ БОЛСЫН!

Заң шығарушы орган - Қазақстан Парламентінде Қазақ Елінің Мемлекеттік тілі ғана жүруі керек! Ресей Думасының тілі емес!

Ол үшін парламенттегі «Мейлі, орысша айт берсін», бәрімізге түсінікті тілде сөйлей берсін» — деген жалпақшешейлікті доғару керек! Бұл біріншіден, Мемлекеттік тілімізді «жұрт түсінбейтін

тіл» деңгейіне түсіріп, қорлау, екіншіден, ондай қажеттілік болмаса, өзге тілді бұдан 100 жылдан кейін де мемлекеттік тілді үйренбейді!

Сондықтан да жалынды жас Елнұр Бейсенбаев секілді, бұрын да осындай заңсыздықтарға қарсы шыққан Берік Дүйсембинов, Тілектес Адамбековтер секілді депутаттардай өзге тілге бірден тосқауыл қойып отыру керек!

Жалпы, мемлекеттік қызметкерлерге бүгінде 70 пайыздан асатын қазақтардың мемлекеттік тілдегі ақпарат алу құқы шектеуге кім рұқсат берді?

Бұл Тәуелсіздік алған 30 жылымызда билік Ұлттық мүддемізді ешқандай қорғай алмағанды көрсетеді. Қайған, шаирек ғасырдан асқан уақыт-ай! Тіл заңының өзін тетіксіз бейшара еткен, миллиардтар далаға кеткен тұтас бір дәурен-ай десеңші!

Сондықтан да, биыл 2022 жылы 27 сәуірде «Ақ жол» фракциясы парламенттегі Мемлекеттік тілді міндеттейтін заң қабылдауды, ол үшін Конституцияның тіл туралы 7-ші бабына өзгеріс енгізіп, қазақ тіліне жекедара мемлекеттік статус беруді ұсынған депутаттық сауал жасағанымыз. Бұл сауалды Мәжілістегі 41 депутат қолдаған болатын.

Айтпақшы, пандемия кезінде жазылған мемлекеттік тіл туралы аталмыш мақаламыз әлеуметтік желіде үлкен қолдауға ие болып, «Қазақ Үні» ұлттық порталындағы Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдауды талап етіп, ҚР Президентіне жазылған Ашық хатқа қайта қозғау керек. Ақыры бір жарым айда әлемге әйгілі Ұлт зиялылары бастаған Ашық хатқа 126 мың адам қол қойды. Бұл қолдау қазір 130 мыңға жетті.

Артында миллиондар тұрған, Мемлекеттік тіл туралы заңды талап еткен Ашық хатқа еститін мемлекетіміз Әділетті Қазақстанда әділетті қарайды деп сенеміз.



АСТАНА ДАҢҒЫЛДАРЫНЫҢ БІРІ СҰЛТАНБЕК ҚОЖАНОВ ЕСІМІМЕН АТАЛСА...

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ
Қ.К.ТОҚАЕВҚА

Аса құрметті
Қасымжоларт Кемелұлы!

Қазақ тарихында өшпестей із қалдырған ұлы тұлғалардың бірі - Сұлтанбек Қожанов. Ол кісінің өз серіктестерімен атқарған ерен еңбегінің арқасында Ресей империясының құрамындағы «Қырғыз (қазақ) автономиясы» және «Түркістан автономиясында» Орта Азия халықтарымен араласып, бөлшектеніп келген қазақ жерлері біріктіріліп, біртұтас Қазақ республикасын құруға қол жеткізілді. Ұлт болашағы жолында жасалған жанқиярлық істерінің нәтижесі ретінде, Сұлтанбек Қожанов 1925-жылдың сәуірінде Ақмешіт қаласында өткен Бүкілқазақтық V-съезінің биік мінберінен «біртұтас Қазақ мемлекетінің құрылғанын» салтанатты түрде жариялады. Осылайша, бүкіл қазақ жұрты, Алаш арыстары армандап келген мемлекет тарих сахнасынан берік орын алды.

С.Қожанов мемлекет билігіндегі жауапты қызметтерде жүрген кезінде көптеген қазақ қайраткерлерін (С.Сәдуақасов, Ғ.Мұратбаев, Н.Нұрмақов, Ж.Мынбаев, Б.Аралбаев, Е.Ермбетов т.б.) барынша көтермелеп, лауазымды орындарға тартты. Кенестік билік тарапынан қудалауда жүрген Алаш арыстарына (Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Х.Досмағамбетов, Қ.Болғанбаев, Ж.Аймауытов т.б.) жәрдем қолын созып, ылайықты қызметтермен қамтамасыз етіп, моральдік және материалдық жәрдем берді.

С.Қожанов алғашқы білім ордаларын ашуға өлшеусіз үлес қосты. Қазақ халық ағарту институтының (КИНО) негізін қалап, оның алғашқы мұғалімдерінің бірі болды. Орта Азиядағы ең үлкен политехникалық институт САХИПИ-ді құрып, оның алғашқы ректоры болды. Бұл қызметтерде жүрген кезінде көптеген қазақ жастарын (Н.Оңдасынов, ағайынды Қоңыратбаевтар т.б.) өзі басқарып отырған білім ордаларына жетектеп алып келіп оқытып, олардың тиянақты білім алуларына жағдай жасады.

С.Қожанов алғашқы қазақ баспасөздері «Бірлік тауы», оларды «Ақ жол» газеттерінің негізін қалап, және «Ақ жол» газеттер болды. 1925-жылы Сұлтанбектің басқаруындағы «Ақ жол» газеті И.В.Сталиннің тікелей нұсқауымен «газет Мұстафа Шоқаймен байланыста» деген желеумен жаптырылып тасталған.

Кезінде қазақ халқын революция көсемі В.И.Лениннің жеке қабылдауындағы сұхбатта қызулаңа қорғаштаған, «осы күнге дейін Орта Азиядағы жағдай бодандық күйінде қалып отыр» деп И.В.Сталинге өзіне тікелей айтқан мемлекет және қоғам

қайраткері Сұлтанбек Қожановқа бүгінгі билік, өкінішке орай, ылайықты құрмет көрсете алмай отыр.

Мысалы, алаш арысына Астана қаласынан тиген көше – «Үркер» ауылынан берілген, ұзындығы екі жүз метрдей қарабайыр жол. Оған да қожановтанушылардың билік орындарына қайта-қайта хат жазуынан кейін ғана, 2016-жылы әзер дегенде қол жеткізілген.

С.Қожановқа Астана қаласынан ескерткіш ашу туралы Үкімет тапсырмасы 2018-жылы шыққан болатын. Ол тапсырма да әлі күнге дейін орындалмай отыр.

Сондай-ақ, Сұлтанбек Қожановқа Астана қаласынан мектеп беру мәселесінің қаралып жатқанына да талай жыл өтті.

Ең сорақысы, 2021-жылы Алматы қаласының әкімдігі сол қаладағы «Сұлтанбек Қожанов» көшесін өз қалауынша қидалап, оның «Әл-Фараби» даңғылымен қиылысқан бөлігін «Еділ Ерғожин» деп атап жіберген. Қожанов жанашырларының «қайтыс болғанына бір жылдай ғана болған сәттегі қалайша көше берілген, бұл жерде Заңның өрескел бұзылуы орын алып отыр» деген шағымдары Алматы әкімдігі тарапынан қараусыз қалдырылған.

Осы баяндалғандардың негізінде, Сізден сұрайтынымыз:

1) Астана қаласының орталық даңғылдарының біріне, Қазақстанның ірі қалаларындағы көшелерге Алаш арысы Сұлтанбек Қожановтың есімін беру;

2) Астана қаласында, облыс орталықтарында, ірі қалаларда Сұлтанбек Қожановқа еңселі ескерткіш орнату;

3) Астана, Алматы қалаларындағы, облыс орталықтарындағы, ірі қалалардағы мектептерге Сұлтанбек Қожановтың есімін беру;

4) Астана, Алматы қалаларындағы, облыс орталықтарындағы, ірі қалалардағы жоғарғы оқу орындарына Сұлтанбек Қожановтың есімін беру;

5) Алматы қаласындағы Сұлтанбек Қожанов көшесін 2021-жылға дейінгі қалпына қайта келтіру және Заң бұзылуына жол берушілерді анықтап, мемлекеттік қызметтен аластату.

Аса құрметті Қасымжоларт Кемелұлы.

Халық Сіздің ұлт тұлғаларына деген әділ көзқарасыңызды жақсы біледі, сондықтан да Алаш арысы Сұлтанбек Қожановқа, өз дәрежесіне ылайық, мемлекет тарапынан құрмет көрсетуге жол ашып беруіңізді сұраймыз.

Төлен Қамарұлы ҚОҢҚАҚОВ
(Сұлтанбек Қожановтың
немере ұрпағы)

■ ONOMASTIKA

Биыл Астана қаласы ономастика комиссиясында, қалалық мәслихаттың көпшілік тыңдауында, қалалық Қоғамдық кеңесте, республикалық ономастика комиссиясында елорданың кейбір құрамдас бөліктеріне атау беру және қайта атау туралы ұсыныстар қаралып, қолдау тапты. Бейсенбі күні қалалық мәслихаттың кезектен тыс сессиясында бұл атаулар бекітілді. Енді әділет органдарына ресми тіркеу үшін жіберілетін атаулармен қалалық Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Сәкен Есіркеп таныстырды.

КӨШЕ АТАУЛАРЫ БЕКІТІЛДІ

Алматы ауданы бойынша А24 жобалық көшеге көрнекті мемлекет қайраткері Орал Мұхамеджановтың, А62 жобалық көшеге биыл туғанына 100 жыл толған Қазақстанның халық жазушысы, драматург Сафуан Шәймерденовтің аттарын беру, Абылай хан даңғылында, Дина Нұрпейісова ескерткішінің жанында орналасқан атаусыз аллеяны «Күйшілер аллеясы» деп атау ұсынылды. Бұл ұсынысты Ирак Илекеев бастаған бір топ қоғам қайраткерлері мен күйші-композиторлардың атынан жолданды. Алматы ауданы әкімдігі де бұл бастаманы қолдады.

Есіл ауданы бойынша №202 жобалық көшеге әскери ұшқыш-штурмовик, Кеңес Одағының Батыры Нұркен Әбдіровтың, Е111 жобалық көшеге Қазақстанның халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Шерхан Мұртазаның, Е324 жобалық көшеге көрнекті жазушы Дүкенбай Досжаннның, Е325 жобалық көшеге көрнекті композитор, КСРО халық әртісі, Қаз КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қаз КСР Еңбек сіңірген өнер қайраткері, Қазақстанның Еңбек Ері, симфониялық күй жанрының негізін қалаушы Еркеғали Рахмадиевтың, Е357 жобалық көшеге хирург, медицина ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері Александр Сызғановтың, Е577 жобалық көшеге жазушы Хамза Есенжановтың, Е579 жобалық көшеге мемлекет және қоғам қайраткері Қайраткер Қарбаевтың, Е580 жобалық көшеге Ақмола өңірінің тумасы, мемлекет қайраткері Сабыр Ниязбековтің, Е607 жобалық көшеге Қазақстанның халық әртісі Құман Тастанбековтің, Е608 жобалық көшеге педагог, КСРО және Қазақстанның халық әртісі Шолпан Жанарбекованың, Е757 жобалық көшеге жазушы, әдебиет зерттеушісі, этнограф ғалым, филология ғылымының докторы, профессор, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Акселеу Сейдімбектің, Е758 жобалық көшеге Біріккен Араб Әмірліктерінің бұрынғы президенті, Қазақстан Республикасының 1-ші дәрежелі «Достық» орденінің иегері шейх Халифа бен Заид әл-Нахаянның, Е889 жобалық көшеге ағартушы, публицист, түркітанушы, шығыстанушы, Алаш қайраткері, қазақтың алғашқы Конституциясының авторы Барлыбек Сырттанұлының, Е890 жобалық көшеге тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қаз КСР ғылым академиясының корреспондент мүшесі Ермұхан Бекмахановтың, Е898 жобалық көшеге әдебиетші, сыншы, филология ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері Тұрсынбек Көкішевтің, Қабанбай батыр даңғылында, «Салтанат Сарайы» кешені және «The St. Regis Astana» конак үйі арасында орналасқан атаусыз скверге Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігінің патшайымы II Елизаветаның есімдерін

беру ұсынылған. Сарыарқа ауданы бойынша № 20-40 жобалық көшеге әйгілі жазушы, ақын, қоғам қайраткері, Қаз КСР Ғылым академиясының академигі Сәбит Мұқановтың аты ұсынылды.

«Алматы ауданында бірнеше көше параллель немесе перпендикуляр орналасқан кейбір қысқа көшелердің аттары қайталанатын жағдай бар. Картаға қарасаныздар, бірнеше қысқа көше Мұстафа Шоқайдың атымен аталатынын көресіздер. Бұл жедел жәрдем шақырғанда, мекенжай іздегенде көп қиындық туғызуда. Осыған орай Алматы ауданы әкімдігінің ұсынысымен осындай көшелердің кейбіріне тарихи жер-су аттарын бергенді жөн деп отырмыз» деген Сәкен Есіркеп тиісті шешімді жариялады.

Оның айтуынша, Нұрлыжол көшесінің № 37 үйден басталып, № 26 үйге дейін жалғасқан бөлігіне Астана қаласы маңындағы ортағасырлық қалашықтың атауы Бозоқтың, Мұстафа Шоқай көшесінің № 2 үйден басталып, № 10 үйге дейін жалғасқан бөлігіне Солтүстік Қазақстан өңірінде табылған тарихи тұрақты атауы Ботайдың, Мұстафа Шоқай көшесінің № 20А үйден басталып, № 33/2 үйге дейін жалғасқан бөлігіне Жамбыл облысының маңында орналасқан ортағасырлық қалашықтың атауы Түймекенттің, Бастөбе көшесінің № 23 үйден басталып, № 37 үйге дейін жалғасқан бөлігіне Алматы облысы, Панфилов ауданының аумағында орналасқан өзен атауы Жарқұдықтың, Георгий Игишев көшесінің № 2 үйден басталып, № 16/3 үйге дейін жалғасқан бөлігіне Қарағанды облысындағы тау атауы Ақжалдың, Бірлік көшесінің № 2/1 үйден басталып, № 30/1 үйге дейін жалғасқан бөлігіне Түркістан облысының елді мекен атауы Алшалының, Иманак көшесінің № 13 үйден басталып, № 7Б үйге дейін жалғасқан бөлігіне Атырау облысы, Каспий теңізінің батпақты сорлы табанының атауы Жалтырдың атаулары ұсынылды. Бұл атаулар Мәдениет және спорт министрлігі ұсынған «Жер-су атаулары» тізімінен алынған.

Бір атап өтерлігі, Астананың Есіл ауданындағы скверге тиісті атау беруді Қазақстанның Сыртқы істер министрлігі екіжақты дипломатиялық байланысты нығайту мақсатында ұсынды. Ал шейх Халифа бен Заид әл-Нахаянның көмегімен 1999 жылы Астана қаласында Қазақстан Президенті сарайын салуға БАӘ 15 млн АҚШ долларын бөлінді. «Қарағанды – Астана» автожолы қайта жаңартылды («Қарағанды – Осакаровка» бөлігі). Шымкент қаласындағы перинаталдық орталық құрылысы (2011 жылы ашылған), мешіт құрылысы (2013 жылы ашылған) қаржыландырылды. 2016 жылы елорда пайдалануға берілген №84 мектеп-лицейі құрылысы қаржыландырылды. БАӘ «Абу-Даби Плаза» құрылысына да атсалысты. 2020 жылғы сәуір-қыркүйек аралығында БАӘ Қазақстан Республикасына 100 тоннаға жуық жеке қорғану құралдары мен медициналық құралдар көлемінде гуманитарлық көмек көрсетті.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ
Астана

«Қазақ елінде инфляцияның төмендеуіне әзірге ешқандай алғышарттар жоқ. Сондықтан болжам бойынша жыл соңына дейін елімізде инфляция деңгейі 20-21%-ға жетуі, тіпті одан асуы мүмкін.

БАҒА ҚАШАНҒА ДЕЙІН ШАРЫҚТАЙДЫ?

Бұл туралы Астанада «Экономика туралы сөйлесу: Қазақстан жаңа болмыс аясында» тақырыбында өткен кең көлемді кездесу барысында осы шараны ұйымдастырушы Jusan Analytics зерттеу орталығының басқарушы директоры Әнуар Қуандықов мәлімдеді. Оның айтуынша, отандық экономикада өзгеріс уақытта анау айтқандай жақын арада ала қоймайды. Болжам бойынша Қазақстанда экономикалық өсім бәсеңдеуін жалғастырып, жыл соңына қарай 2,5%-ды құрауы мүмкін. Оның үстіне отандық Жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) 60%-дан астамын құрайтын алты ірі сала: ауыл шаруашылығы, байланыс, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік және қоймалау бойынша соңғы төрт салада өсім төмендеп жатыр.

Еске салайық, өткен жылдың соңында елімізде экономикалық өсім 4,3%-ды көрсеткен еді. Бұдан басқа спикер қазіргі уақытта ин-

фляция – әлемде ең басты сынктерлердің біріне айналып, жаппай сипат ала бастағанын жеткізді.

«Біз 80 елдің экономикасына талдау жүргіздік. Олар әлемдік ЖІӨ-нің 80-90%-ын құрайды. Сол 80 елдің 60-ында инфляция мақсатты межеден екі есе жоғары болса, 28 елде төрт есе жоғары. Ал біздің елде үш есе артық», – деді Ә.Қуандықов.

Әлемдік экономиканың өсімі де бәсеңдеп жатыр. Халықаралық валюта қоры мен басқа да халықаралық сарапшылардың болжамынша биыл өсім өткен жылғыдан төмен болмақ.

«Қазір әлемдік экономиканың өсімі 3,2%-ды құрайды. Жыл басындағы көрсеткіш – 4,4%. Болжам бойынша алдағы жылы өсім 2,7%-ға дейін төмендейді. Одан да төмен болуы мүмкін. Өйткені қазір қымбатшылыққа, ықтимал дағдарысқа қатысты әлемде ортақ мәміле, ортақ келісім жоқтың



касы», – деді Jusan Analytics жетекшісі.

Кездесу барысында қаржыгерлер мен экономистерді мазалған тағы бір сұрақ – отандық экономиканың даму болашағы болды. Оны қандай негізге, қандай қағидаға сүйеніп дамытуға болады?

«Біз жасыратыны жоқ, экспортқа бағдарланған шикізаттық мемлекетпіз ғой. Мұнай бүкіл экспорттомыздың пайызы. Негізгі экспорттық тауарларымыз: шикі мұнай, табиғи газ, мыс, уран, бидай, майыс, күміс, алюминий. Ал кейбір азық-түлік тауарларын қоспағанда, азық-түлікке жатпайтын тауарлардың 80%-ы – импорт. Атап атар болсақ: жиһаз, дәрі-дәрмек, машина жасау, жеңіл өнеркәсіп, дайын металл, резеңке және пластмасса, темекі, полиграфия бұйымдары және т. б. Не істеу керек? Қазақстан үшін даму

көзі неде? Өндіріске көңіл бөліп, импорттың орнын толтыру керек пе? Әлде заман талабына сәйкес өндірісті жайына қалдырып, қызмет көрсету саласына ойысу қажет пе? Бағытты айқындайтын уақыт әлдеқашан жеткен» – деді Ә. Қуандықов.

Бұл сұрақ сарапшылардың қызу талқысына түсті. Кейбір мамандар мемлекеттің нарыққа араласа бермеу керектігін алға тартты. Яғни, нарықты жайына қалдыру керек. Ол не істеу керектігін өзі біледі. Ал мемлекет дұрыс монетарлық жағдай жасап, инфрақұрылымдарды қарумен шектелгені жөн. Басқалары мемлекеттің араласуын қолдап, мемлекет тарапынан экономика секторларына берілетін көмекқаржылардың әділ түрде үлестірулі керектігін, даму көзі шағын және орта бизнесті дамытуға жатқандығын алға тартты.

Аталмыш сұраққа қатысты жүргізілген арнайы онлайн сауалнама барысында қатысушылардың 45%-ы экспорттық өнеркәсіпті дамыту керектігін қолдаса, 38%-ы – импорттың орнын басатын өнеркәсіпке басымдық беру керек деп санайды, Ал 17%-ының пікірінше жаңа неоиндустриалдық дәуірде жаңа даму көзі – көрсетілетін қызметтердің саны мен сапасын арттыру.

Айта кетелік, экономика туралы диалогқа қаржы-экономика саласының белгілі сарапшылары, сондай-ақ мемлекеттік және квазимемлекеттік органдардың, халықаралық қаржы ұйымдарының, академиялық қауымдастықтың және іскерлік БАҚ өкілдері қатысты.

qazaquni.kz



ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕР КҮНІ

■ БИЛИМ Туризм және қонақжайлылық индустриясы колледжінде кадрларды даярлау сапасын арттыру бойынша жұмыс берушілермен серіктестікті жақсарту векторлары іздестірілді.

Алматы қаласында тамақтану және туризм индустриясын дамыту – Қазақстанның ұлттық экономикасының гүлденуінің кепілі.

Туризм және қонақжайлылық индустриясы колледжі ұзақ жылдар бойы қонақ үй және мейрамхана бизнесі, тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібі салаларында кадрларды даярлау және қайта даярлаумен айналысады. Қазақстандағы техникалық білім кәсіптік білім беру ұйымдары арасында бірінші орынды сақтай отырып, өз студенттерін жұмыспен қамтамасыз етеді.

Әлеуетті жұмыс берушілермен, салалық қауымдастықтармен, Алматы қаласы Білім басқармасымен әлеуметтік серіктестіктің арқасында колледж өңтүстік және озықты тәжірибелі қолмен енгізе отырып бәсекеге қабілетті орнын сақтап отыр.

ТЖКІК түлектері – жемісті жұмыс жасау үшін қажетті тәжірибелік дағдыларды меңгерген, сұранысқа ие мамандар.

Колледжімізде Оқу-ағарту министрлігі мен Алматы қаласы Білім басқармасының бастамасымен «Жұмыс берушілер күні» атап өттік.

Максаты: жұмыс берушілермен кадрларды дайындау сапасын арттыру бойынша тиімді серіктестік жасау, жұмыс берушілер мен білім беру ұйымдары арасындағы өзара байланыс жасаудың перспективалық бағыттарын талқылау.

«Жұмыс берушілер күні» шеңберінде келесі мәселелер талқыланды:

1. «Кәсіпорынның Туризм және қонақжайлылық индустриясы колледжін білім берушілері» – Жабдықбаев Нұрдаулет Жақыпбекұлы, Туризм және қонақжайлылық индустриясы колледжінің директоры, директордың өндірістік оқыту ісі жөніндегі орынбасары Омирбекова Г.М.

2. «Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін ескере отырып, колледждер мен жұмыс берушілердің өзара байланыс жасауына қызмет ету» – Директордың ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары Анаятова И.В.

Іс-шараны дайындау мен өткізуге

колледждің өндірістік оқыту шеберлері мен студенттері қатысты.

Әлеуметтік серіктестерге Оқу-ағарту министрі А.Аймағамбетовтің, «Атамекен» ҰҚП, сондай-ақ Туризм және қонақжайлылық индустриясы колледжінің Алғыс хаттары табыс етті. Әлеуметтік серіктестермен меморандумдар мен ынтымақтастық туралы келісім шарттар жасалды. Іс-шара бағдарламасы: Дөңгелек үстел, мастер-кластар, қонақтық дәрістер, диалогтік алаңдар.

Колледжіміздегі әлеуметтік серіктестік сапалы өзгерістердің жан-жақтылығын арттырудың, оны заманауи білім беру жүйесінің талаптарына сай жасау мен туындылардың үздіксіз процестерін туындап отыру. Бүгінгі таңда үнемі өзгеріп отыратын әлемде білім берушілерді өмірге дайындау көбіне әлеуметтік серіктестермен ынтымақтастыққа байланысты. Колледж инновациялық қызметтің механизмдерін дамытады, өмірлік маңызы бар мәселелерді шешудің шығармашылық жолдарын іс-баласындағы кәсіби маманның өмір сүру нормасы мен формасына айналдыруға ықпал етеді.

Колледж өмірінен бірнеше мысалдар: «Француз Альянсы» ҚБ-мен меморандумға қол қойылды, ол студенттер мен өндірістік оқыту шеберлеріне француз тілін үйренуге, Франциядан келген аспаз және кондитерлік іс бойынша мамандармен колледж базасында ай сайын мастер-кластар өткізуге мүмкіндік берді. ЖШС «МЕТРО Кэш энд Керри» компаниясымен колледж 10 жылдан бері серіктес болып келеді.

Құзыреттілік бойынша (WSI) «Қызмет көрсету саласы» жаттығу лагерьі құрылған КНАМА PARK мейрамханасындағы «Айкул» ЖШС-мен көп жылдан бері колледжіміздің сенімді серіктесі болып келеді. Аталған мейрамхананың директоры Серікхан Саметович Адильханов студенттерді мейрамхана базасында кәсіби байқауларға дайындауға мүмкіндік береді, Қазақстанның тыс жерлерде кәсіби байқауларға баруға демеушілік жасайды.

Симонович Радаван төрағалық ететін «Тәуелсіз рестораторлар одағы» Қоғамдық бірлестігін атап өткіміз келеді. Қоғамдық бірлестіктің жауапты хатшысы Шевяков Владимир Александровичпен бірлесе отырып, колледж бизнес пен менеджментті дамыту жобасын жүзеге асыруда.

«Экобер» компаниясы – колледждің материалдық-техникалық базасын жабықтауға қатысқан әлеуметтік серіктес.

Қазақстанның қонақ үйлер мен мейрамханалар қауымдастығымен (КҚМҚ), Қазақстанның Туристік қауымдастығымен (КТК), Қазақстан тағам кәсіпорындары одағымен, «ҚР гиттер мен туристік объектілердің өзін-өзі реттейтін қауымдастығы» ЗТБ, Novotel Almaty city center, «Құмбел» «Мәдени-әлеуметтік және білім беруді дамытудың Қазақстандық қоры» ҚБ және тағы басқаларының әлеуметтік серіктестіктегі рөлін атап өткіміз келеді, осы әлеуметтік серіктестіктердің қолдауымен колледж өмірі өте қызықты өтіп жатыр.

Qazaquni.kz

Өмір – өткен күндер емес, есте қалған күндер...
Осы сөздерді дүниеден ерте қайтқан Сағат досым жиі айтушы еді...
Айлар артта қалып, жылдар жөңкілген сайын сол есте қалған күндермен қоса, есте қалар таныс жандар қатары да көбейіп барады...
Жаныңа жақын қадірлі адамдар туралы өткен шақпен ойлау, сөйлеу сәттері де, өкінішке қарай, жиілеп барады.
Соны сезініп, қиналасың, толғанасың, тебіренесің, өкінесің, мұңаясың...
Мына өмір мен тіршіліктің шын мағынасында «жалған» екеніне бір уақ көзің жете түскендей болады.
Күні кеше ғана сымбатты, сұлу жарық дүниенің сәуле нұрына шомылып, қатар жүрген, сыйласқан, сырласқан, талай-талай жиын-тойларда бірге болып, әр алуан сәт сағаттардың қуаныш-шаттығын, қасірет-қайғысын бөліскен әлгі жандар туралы ойлаған сайын әр қилы күй кешерің де, өзіңмен өзің отырып, бақилық сапарға кеткендермен үнсіз тілдесерің де ақиқат.
Өйткені олардың әрқайсысы сенің өмірбаяныңа араласқан, өмір-тіршілігіңе қатысы бар, «есте қалған күндердің» бір-бір иелері, ақиқат дүниесінің айғақты белгілері, қалыптасу, қатаю кезеңдерінің көңіл төрінде қалған сілемдері.



ОЙ ТӨРІНДЕ



Нұрлан ОРАЗАЛИН,
ақын, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

мьямыз. Тапқан-таянғанымыз пәтерақы мен тамақтан аспайды...

«Жас жүрек жайып саусағын, талпынған шығар айға алыс», — деп ұлы Абай айтқандай, осындай арманды — қанат, мақсатты — мұрат қып, таудай талаптың жетегінде жүрген жас жігітпен күндердің бір күні телефонда күтпеген адам сөйлесті.

— Алло... Нұрланбысың?

— Иә.

— Аманбысың, айналайын.

— Сәлеметсіз бе...

— Мен ғой... Сафуан ағаң...

Жұмысын қалай?

— Сәлеметсіз бе, ағай... Жаман емес.

— Неге жақсы деп айтпайсың?.. Жарайды... Қысылма. Өлең қалай? Жазылып жатырма? Дұрыс... Аяғысың дұрыс. Қадағалап тұрамын.

— Рахмет, ағай.

— Сен уақыт тауып маған келіп кетші... Мәдениет министрлігіне... Сегізінші март пен Гоголь көшесінің қиылысы... Бірінші қабат... Репертуарлық коллегия.

Айтқан уәделі кезде алып-ұшып, Сафекең отырған кабинеттің есігін қақтым...

Сафекең маған күтпеген

ұсыныс жасады. Репертуарлық коллегияға редакторлыққа шақырды. Жұмыс жайын, ыңғайын айтты. Мен атқаруға тиіс міндеттермен таныстырды. «Мүсекеңмен... Министрмен келісіп қойдық», — деп шегелеп те жіберді.

— Ойланайын ағай...

— Ойланайын?! Қой! Ойланба... Кел! Беделді жер, белгілі адамдармен істес боласың. Екі күннен қалмай, жауабын бер. Министрге алып кіреміз... — деді.

«Министрге алып кіреміз» деген сөз маған ерекше әсер етті. Бұрын естігені болмаса бірде-бір министрдің алдын көрмеген жас жігіттің жан күйін, әрине, ұғуға болады...

Мен осындай ой мен толқу құшағында бас редактор кабинетінен шықтым...

Араға бірер күн салып, министрлік босағасын қайыра аттадым. Сафуан ағамыз мені бірден министр кабинетіне жіберді. Екі қабатты сары үйдің екінші қабатына көтерілдім де оңға бұрылып, «Министрдің қабылдауы» дейтін жоян ақ есіктің алдына келдім. Тізем дірілдегендей болды. Ішке ендім. Қабылдау бөлмесіндегі хатшы қыз мені ұзақ күттірмеді. Баяндады.

Үлкен бөлмеге кірдім. Көзіме түскені — төрдегі үлкен стол мен столдың арғы жағында отырған шашы боз шулан тарта бастаған ақ құба өңді сұлу кісі. Үстінде мұнтаздай ақ састан тосылып тұрып қалдым. Кабинет иесі менің әлемтапырық халімді түсінгендей, демекірей дауыстады:

— Келіңіз... Төрлетіңіз...

Мен столға жақындадым. Өңі сұлу, қабағы сұпты кісі бас аяғыма барлай қарап, қолын ұсынды.

— Отырыңыз... Есіміңіз?

— Нұрлан.

— Фамилияңыз?

— Алғашқы өлеңім жарық көрерде бір ақын ағамыз «Оразалиев» деп, иіп, бүгіп жатқанша, «Оразалин» деп қысқа қайырмайсың ба? — деп, «лиевті» «инге» өз қолымен ауыстырып еді... — дедім мен ақталған болып.

— Жарайды... Өзіңізге ұнаса болды... Оразалин болса, болсын... — деді әнтек жымып. — Театрға баратын ба едіңіз?

— Студент кезімнен.

— Бітіргеніңізге қанша болды?

— Екі жыл.

— Ендеше, театр есігін ұмыта қоймаңыз... Шәймерденов түсіндірген болар. Ақшалы жер... Атақты кісілер көп келетін орын... Қағазға... Әсіресе, іс қағаздарына ұқыпты болыңыз. Драматургия жүрген жердің «драмасы» да көп болады. Дұрыс қабылдап, дұрыс сөйлеу керек, — деді Мүсекең қолымнан қысып тұрып: — Айлығыңыздың көлемін айтты ғой.

— Иә.

— Үй мәселесін де көп соза қоймаспыз... Ісіңіз сәтті болсын! Менің Мүсекеңмен таныс-



Мүсілім мен Гүлбараш. 1950 жыл.

— Оразалин.

— Мұнда неге Оразалиев болып жазылған? Псевдоним?... — Мүсекең мырса ете қалды: — Псевдоним деген жасырын ат емес пе? Мынауыңызда жасырын ештеңе жоқ қой. Жұрнақтары бөлек болғанымен түбірі ортақ... — деп аксия күлді.

тығым осылай басталып еді...

Базарбаевтың бұйрығымен есігін ашқан сол Мәдениет министрлігінде мен табандатып отырып, аттай он екі жыл қызмет етіппін...

Репертуарлық коллегияда істеген жылдар мен үшін, сөз жок, есеу, өсу жылдары болды

Осы арада жүріп мәдениет пен өнердің кең өрісіне шықтым. Театр дейтін киелі дүниенің қойын-қонышына сүнгідім. Аударма жасадым. Пьесалар жаздым. Оларым біраз театрларда қойылды. Үлкен әдебиет пен үлкен өнерге деген құштарлық оты лаулай түсті. Республика театрларын көп араладым. Өнертану айдыным ғана емес, өміртану айдыным да кеңейді. Жаңа достар таптым. Қысқасы, театр дейтін сұлулықтың төресі саналар өнердің ең ғажайып, ең киелі, ең көне түріне мықтап бауыр бастым. Осында жүріп мен редактор ретінде Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Әбділда Тәжібаев, Әлжаппар Әбішев, Бауыржан Момышұлы, Қалижан Бекхожин, Хамит Ергалиев, Әбдіжәміл Нүрпейісов, Тахауи Ахтанов, Қалтай Мұхамеджанов, Сәкен Жүнісов, Әкім Тарази, Қалихан Ысқақов, Оразбек Бодықов, Оралхан Бөкеев, Дулат Исабеков, Софы Смағай, Роллан Сейсембаев, Баккожа Мұқаев, Смағұл Елубаев, Әділбек Тауасаров, Сұлтанәлі Балғабаетардың

жаңа, біразының (Оралхан бастаған соңғы буынның) тұңғыш пьесаларының өмірге келуінің куәсі болдым.

Шынында да, репертуарлық коллегия айтыс-тартысы, дау-дамай, өкпе-реніші мол, Мүсекеңнің сөзімен айтқанда, драматургия маңы «драмалары» жиі болатын жер еді. Пьесалары өтпей жатқан ағайындар Орталық Комитетке, Министрге ара-тұра арыз айтып, шағым түсіріп жататын. Төрт жылдай қарамағында істеген кезімде табиғатынан таза, тура мінезді Мүсекеңнің пьеса қабылдау ісіне орынсыз араласып, тізе батырған бірде-бір сәтін көрген емеспін. Ол кісі қай кезде де тектілік сынайынан, сырбаз сыпайылығынан жаңылмай (үлкенге де, кішіге де «сіз» деп сөйлеуші еді ғой), «қара қылды қақ жару төрелігін» репертуарлық коллегия мен коллегия жанындағы Репертуарлық кеңес ғұзырына тапсырып отыратын. Ақшалы жердің «айқайын» Мүсекең осылай басушы еді. Түсі суық көрінгенмен, жаны, жүрегі жұмсақ ағаның



ЖҮРЕР АҒА

Әзіл

БАЗАРБАЙҰЛЫ «ТӨЛЕГЕН»

Мүсілім Базарбаев қол боста фотосуретшілікпен айналысқан адам. Оның альбомдарынан қазақтың танымал тұлғаларының бейнелерін, сондай-ақ табиғаттың тосын көріністерін байқауға болады.

Және Мүсекең көптеген қаламгер әріптестері секілді тастаяқ ойынына құмартқан.

Сол кездегі үй-жайы Қазақстан Жазушылар одағы ғимаратына жақын орналасқандықтан, калт етсе сондағы бильярд үстелі манайынан табылатын әдеті болған.

Бір күні үйге алыстан ат арытып сыйлы меймандар келіп қалса керек, зайыбы Гүлбараш соңынан одаққа

іздеп барса, жолдасы атақты Бауыржан Момышұлы ағасымен бірге тактаны айналып, ойын көрігін қыздырып жүр екен.

Сонда Гүлбарашты байқаған Баукең жағдайды түсіне қалып, бір жағынан, Мүсілімнің шыққан тегін, кескіні мен мансабын әм әуестігін мензеп және келінінің көңілін аулап:

– Базарбайұлы «Төлеген» – Ерте туған көбеген.

Келінімен рұқсат сұрамай, Бильярдқа жөнеген! – деп табан астында бір шумақ өлең шығарып жіберіпті.

Құлтөлеу МҰҚАШ

талай өнер маңы дауларын кәсіби білімі жетік мамандар талқысына салып, қиын-қиын тұстардан қиналмай шыққан басшылық білігінің сан мәрте куәсі болғанымыз бар.

Мәдениет министрлігі ол жылдарда ерекше дәуірлеп тұрды. Мәдениетке деген ықылас пен ынты-мыс еді. Әр түрлі бағыттағы профессионалды ұжымдардың дәреже-деңгейін, бағыт-бағдарын анықтап, олардың кәсіптік тұрғыдан оң дамуын қамтамасыз етер мемлекеттік шаралар көп болатын. Алматы қаласының жасарып-жаңарған, көрпейіп-түлеген кезімен тұспа-тұс келер осынау өнер атаулының шарықтау дәуірінің бірер жылы Мүсілім Базарбаев басшылығымен атқарылғанына ешкім көз жұма алмайды.

Мүсекең өзіне дейінгі өмірінің соңғы сәт-сағаттарын арнаған Ілияс Омаров ағамыздан алған мәдениет билігінің тізгінін

алты жыл абыройлы ұстады, оны өнерге, өнер адамдарына қалтқысыз қызмет еткен, өзінің адал замандасы Жексенбек Еркінбеков ағамызға сәтімен тапсырды. Артында мәдениет пен өнердің обалын көтерердей әңгіме қалдырған жоқ, қайта өнер адамдары мен өнер әлемі айта жүрердей талдау мен танымның, білік пен білімнің, мәдениеттілік пен қамқорлықтың өзіне ғана жарасар әдемі үлгілерін қалдырды. Өнер ордаларының игілігіне айналған ғимараттардың біразы осы Мүсекеңнің тұсында өз тұсауын кесіп, өнер адамдарының талайы, осы Мүсекеңнің тұсында Алматының орталығындағы сәнді үйлерге қоныстанды. Өзгесін айтпағанда, Қонаев пәрменімен жетпісінші жылдары үлестірілген «жүз үйдің» тұрғындары өнерге көрсетілген осынау өлшеусіз қамқорлықты ұмыта қоймаған шығар деймін. Сол жүз үйдің біреуінің иесі – осы жолдардың авторы – менмін. Алматы қаласынан алған (Мүсекеңнің өз қолынан) алғашқы екі бөлмелі пәтерімді қалай жадымнан шығарайын?

Иә, Мүсекең қайсар мінезді кісі еді. Орынсыз кішіреюді, не орынсыз кісісуді білмейтін. Тура сөйлеп, тура жүретін. Айтарын да жасырмай бетке айтатын. Жасаған жақсылығын «жасадым» демейтін. Өзінен гөрі достарын, тілеулестерін көбірек ойлатын.

Өмір қызық қой... Бір адамдар болады – қызметте жүргенде танауы көкті сүзіп, ешкімді менсінбейді, қызметтен түссе, көрінгенге жалпақтап, өзінің де, өзгенің де дегбірін алады. Мүсекең қызметте жүргенде де, қызметтен кеткен кезде де өзі, өз мінез бітімі көтерген биігінен түскен жоқ, сырбаз, сері қалпынан жаңылмады. Тектілік тұрпаты мен өзіне ғана жарасар

Ниет

МИРАСЫ МОЛ ЖАН АҒА

*Көз алдымда ер тұлған,
Сұлу, сымбат мүсінің,
Салмақтылық қалтыңнан
Айнымас бір Мүсілім.*

*Үлкенге де, кішіге
Күлімсіреп тұратын,
Мейір төгер кісіге,
Болатұғын мұратың.*

*Ғайбат сөзді айтпаған,
Биязы еді-ау мінезің.
Бағытынан қайтпаған
Тарлан тұлға бір өзің!*

*Берік едің дініңе,
Туған елің тіліне.
Сәуле шапқан үніңнен
Сағф ойларың күніне.*

*Өмір – толған сұраулар,
Жауап тілер тарихтан.
Дарыны дүр дыраулар
Тұстары мол анықтар.*

*Садақ, найза асынған
Хас батырлар бір тұстан.
Қасақы жау басынған,
Маңдайлары тыртысқан.*

*Күміс көмей әнішілер,
Жағы талмас жыраулар.
Деп тұр бәрі: «Енші бер!»,
Таусылмайды-ақ сұрақтар.*

*Бар-баршасын зерделеп,
Көзмайын көп тауысқан.
Мұрағаттан термелеп,
Дәлелдерін қауышқан.*

*Өзің едің жан ағам,
Асыл ойлы азамат,
Қазылардай қараған
Топшылауың ғажайып-ақ!*

*Пайғамбардың жасынан
Көп асырмай қу ажал,
Алып кетті-ау тосыннан
Болмақ бізде не амал?*

*Өлмес, өшпес мұраңды,
Өрендерге қалдырдың.
Сен шешпеген сұрауды
Тарқататын туар күн.*

*Жатқан жерің жәннеттен,
Топырағың торқадан
Екендігін жан ағам,
Сенімменен айта алам.*

*Құрақ ұшып, қолға алып,
Мол мұраңды Гүлбараш.
Оқып жүрміз толғанып,
...Заман мынау қарбалас...*

Мынбай РӘШ,
жазушы, Халықаралық
«Алаш» сыйлығының
лауреаты

дегдарлық кейпінен бір шыққан емес. Ол әр кез азаматтық пен адалдықтың, талғампаздық пен табандылықтың асқарынан көріне білді.

Өз биігінде жүріп, өз үлгі, өз мектебін жасады, өз тағдырын жасады.

Өз биігінде жүріп, өмірден өтті, Мүсекең менің көңілімнің төрінде осындай қалпымен қалды.

Иә. «Есте қалар есті күндердің» бір иесі – мен білетін қадірлі Мүсекең, қазақ мәдениеті мен әдебиетіне, қазақ ғылымы мен көркемдік ойлау кеңістігіне қалтқысыз еңбек еткен Мүсілім Базарбаев осындай кісі.



ДВИЖЕНИЕ ЖОЛАМАНА И СРЕДНЕАЗИАТСКИЙ СОЮЗ:

(Продолжение, начало в предыдущем номере)

В сложнейших условиях международной обстановки, крупномасштабной войны России в Украине, распространения «дуги нестабильности» не может не беспокоить судьба нашей страны. На таком фоне пойдет наш разговор с исследователем-писателем Торегали Казиевым, который приглашает поразмышлять над многими животрепещущими вопросами движения Жоламана, имеющими прямое отношение к сегодняшним дням, искать на них ответы...

ВЕРНИТЕ НА РОДИНУ СУЛТАНА АРЫНГАЗЫ!

— Торегали Абдуллаулы, вы начали разговор о батыре Жоламане Тленшиулы...

— Да, в 1822 г. казахские роды и племена объединил в одну силу би табынцев батыр Жоламан Тленшиулы, внук Бокенбай батыра, спасшего Казахи от джунгарского нашествия в 1710 году и являвшегося в XVIII веке главным инициатором сближения с северной империей. Бокенбай батыр считал все соседние народы, в т.ч. русских, родными братьями, но проклятая политика не раз разъединяла их...

Жоламан считал стратегически правильным выбор дедов о дружбе казахов с русскими, но выступал против несправедливостей, которые вытворяли против народа чиновники.

— Какая тактика была у Жоламан батыра?

— В апреле 1822 г. Жоламан пишет письмо атаману Уральского казачьего войска, чтобы вернули земли между Уралом и Илеком и прекратили строительство линии. Ни одно требование не было выполнено. Пошли всю атаку восставших против несправедливости, загорели форпосты и степь. В июле 1822 г. бии Шекты, Торктар, Кете и Жетыру, в т.ч. Жоламан, написали прошение на имя Министра иностранных дел Нессельроде, чтобы возвратили на родину султана Арынгазы.

Об этом просили и начальники крупных русских крепостей вдоль границы: полковник Мистров (Магнитная), подполковник Петерсен (Троицкая), майор Исаев (Орск) и другие. Они были заинтересованы в добрых отношениях, в торговле и мире, и знали, что Арынгазы все это обеспечит.

Начштаба Оренбургского корпуса генерал-майор Г.П.Веселицкий докладывал об основных требованиях восставших: возврат земли, возврат Арынгазы на родину и возврат аманатов.

Историк Нуржан Жетписбай приводит много документов, например, Сухореченск 300 сарбазов атаковали под тремя знаменами: Байулы и Жетыру, т.е. всех трех составляющих Кіші жуза. Возглавляли атаку кетинцев Дербисалы, адаец Суйинкара, табынцы Жоламан, Жаналы и другие батыры.

В ноябре 1822 г. в активных атаках участвовали около 3000 сарбазов, но много было и тех, чьи партизанские действия не поддавались учету — степь горела, как и строящиеся объекты по всей Ново-Илецкой линии. Но поселе-

ния, построенные до новой линии, никто не трогал. Есаул Аржанухин сообщал: «Жителям Илецкой Защиты (г. Соль-Илецк) и Илецкого городка (р.п. Илек) просили мне сказать, что им вреда от восставших не сделается, потому что де соль и те места Нурали ханом отданы с согласия киргизского народа»... Психология степняка простая была: если на твоей земле кто-то с твоего согласия живет и строится — это одно, а если без твоего согласия — это другое!

— Почему Жоламан выступал за возвращение султана Арынгазы?

— 24 декабря 1822 г. 29 биев во главе с Жоламаном направляют очередное прошение Оренбургскому военному губернатору Эссену. С теми же требованиями. Ну, что мог ответить губернатор? Он и сам был за возврат, в т.ч. Арынгазы, но решалось все в Питере.

Оказывается, султан Арынгазы на практике показал, как нужно управлять Степью. Он разъезжал по необозримой степи с батырами и уважаемыми людьми каждого рода и решал совместно с ними все спорные вопросы, наказывая виновных и поощряя трудолюбивых и результативных. И никого не сдал в Пограничную комиссию. Нашел путь к сердцам людей, установил справедливую власть.

И между 1817 и 1819 годами в Кіші жузе установились мир и согласие. Арынгазы организовал охрану караванов, и торговля России с Хивой и Бухарой возродилась и резко выросла. Если в 1816 г. казахи продали в Оренбурге 15 тысяч овец, то в 1817-м — 30 тысяч, а в 1818-м — 75 тысяч — в 5 раз больше!

Т.е. при Арынгазы не то, что солеевые, а многожестко караванов с товарами из Хивы и Бухары тысячу верст беспрепятственно проходили, и никто их не грабил! Только в одном 1818 году в Оренбург пришло 7600 верблюдов, груженых с товарами! Зачем мирному народу грабить солеевозов — ведь даже во время восстания никто не трогает Илецкую Защиту (г. Соль-Илецк) — где соль добывается?!

И в июле 1819 г. 400 уважаемых людей Кіші жуза и Орта жуза, в т.ч. Жоламан, пишут прошение Эссену содействовать утверждению Арынгазы ханом. В августе Эссен пишет об этом рапорт царю Александру Первому. Спустя время Арынгазы приглашают в Петербург. В 1821 г. он едет туда. Там его задерживают. В 1823 г. ссылают в Калугу. Губернатор Эссен еще несколько раз пишет прошение о возврате Арынгазы на родину, но оказывается, что петербургским чиновникам в Степи нужен не порядок, а хаос, ими направляемый и ими же

управляемый... 24 августа 1833 г. Арынгазы умирает.

— Что было ответом на прошения?

— Пошли карательные экспедиции... Возглавляемая Бергом в 2382 человека с 8 пушками, прочесали степь по Илеку, Улы Кобде, Бала Кобде, Уилу, Жем, Темир, все другие места, гоняясь за аулами, поливая картечью, гранатами. Подвергаясь атакам повстанцев. Шли каратели тремя отрядами по разным маршрутам.

Одному из карательных отрядов в 408 солдат при 2-х пушках, во главе с Милорадовичем, не повезло. Идя из Илецкого городка на Шынгырлау, отряд был окружен 1000 сарбазов во главе с Жоламаном, Жаналы, Куттыбасом, Китаром, Дербисалы и другими батырами и безостановочно атакован. 13 июня бой продолжался до 10 часов ночи. Трава вокруг горела, кто хотел накосить сена для коней — попадал в плен. С утра опять бой, непрерывная стрельба и каратели возвращаются к побережью Илека. В рапорте Милорадович пишет, что сарбазов было 5000, что убитых среди карателей не сообщает, а только то, что он сам и майор Токсанов ранены. По другим сведениям убито было 30 карателей и 40 пропали без вести, всего 70 человек потерь. Если данные близки к истине, значит, сказался факт лучшего вооружения карателей, наличие пушек.

В ходе и после экспедиции Берга сотни аулов откочевали за 500 км в Каракумы, в Хиву. Сие мероприятие имело и разведочный характер: множество топографов, специалистов рудного дела у прочих ученых людей вели разведку местности и скрупулезные записи увиденного и услышанного.

Вторая карательная экспедиция, где первым отрядом командовал полковник Назаров с 1076 человек при 4-х легких пушках, вышел в путь в феврале 1824 г. Во втором отряде полковника Циолковского было 745 человек и две легкие пушки. У них имелись списки участников восстания, но при встрече и не принимавших участия не жалели, грабили, убивали, брали в плен подряд, в т.ч. женщин, детей, стариков.

УНИЧОЖЕНИЕ РОССИЕЙ ХАНСКОЙ ВЛАСТИ В ОРТА И КІШІ ЖУЗЕ

— Какие цели преследовали карательные экспедиции кроме оттеснения казахов в глубь степей?

— В 1822 г. царизм уничтожает ханскую власть в Орта жузе. В связи с восстанием в Кіші жузе это мероприятие задерживается. В 1823 г. экспедиция Берга была разведочной. А в 1824 г. Берг становится председателем комитета по разделу территории Кіші жуза на три части: Запад, Средину и Восток. Ханская власть ликвидируется и 10 лет организованного хаоса оказались подготовкой к этому. Поставленные царизмом безвольные ханы Есим, Жанторе и Шергазы способствова-

ли кризису, а энергичного Арынгазы к ханству не допускали.

Три части жуза теперь возглавляли ага султаны и одним из них стал Каратай, которого когда-то не допускали к ханству. Он тепер своим сверхусердием превосходил остальных — дабы угодить Оренбургу и Петербургу. Подобрал подходящую «зондеркоманду» из местных и получив от губернатора 500 казаков во главе с подполковником Шаповым, он зимой 1825 г. направляет их на грабеж аулов, с результатом в сотни убитых и в сотни пленных, с тысячами единиц угнанного скота. Только на реках Булдырты и Шилы ограбили около 200 аулов. Лишь с таянием снега 21 марта каратели возвращаются к форпостам на линии.

В это время часть восставших во главе с Жоламаном уже отошла от активного сопротивления — еще с лета прошлого года. Вторая часть продолжала атаки на линию, здесь основной силой были отделения Жылкышы Табына, во главе их были батыры Жаналы, Куттыбас, Саттык, Жанкутты, Братья Атенбек би и Танкай, Жездиба потомки. Третья группа была далеко от линии у рек Сагыз, Ойыл и пока не участвовали в боях, но в 1826 г. возобновят атаки на линию.

— Что внедрил царизм вместо ханской власти?

— Историк Н.Жетписбай нашел в архивах документы о примере установления «нового порядка» после ликвидации ханской системы. 8 октября 1825 г. ага султан Каратай во главе 1300 казахов и 100 казаков встретили на Улы Кобде готовящиеся к откочевке аулы. В результате прямого расстрела было убито 43 и пленено 37 человек, а количество раненых и неучтенных никто не знает! Около 100 семей ограблено, угнано карателями до 3000 лошадей, много верблюдов и до 20 тысяч овец!

Осенью 1825 г. Жоламан возвращается к линии, он опять пытается мирно жить. 29 апреля 1826 г. пишет одно из своих заключительных писем Оренбургскому военному губернатору Эссену. Пишет, что при Арынгазы в Орде воцарил мир и в российскую казну поступала большая прибыль. Тепер без него, потеряв родную землю, степняки не знают покоя. Пытающихся вернуться опять изгоняют оттуда.

Губернатор ответил так: «...вразумить Джуламана, что земля между Илеком и Уралом в ведении Илецкого Соляного Правления, а для охраны солеевозцев устроена по реке Илеку Новая линия»...

Весной 1826 г. Жоламан откочевывает на юг.

С 1835 г. ПО 1840 г. — ВТОРОЙ ЭТАП ВОССТАНИЯ ЖОЛАМАНА...

— Как дальше разворачивались события?

— С 1835 г. по 1840 г. начался второй этап восстания Жоламана. Причина — с 1835 г. царизм стал строить еще одну линию, Ново-Оренбургскую «Орск — Троицк». И опять на земле, густонаселенной

казахами, где также проходили пути кочевий на летовки со стороны Кобды, Илека и даже Мангыстау и Устьурта. Об этом мне рассказывал аксакал Казиханиз аула Майдан Акбулакского района Оренбургской области. Он говорил, что по рассказам его деда, мангыстауцы и устьуртцы переходили недалеко от их аула в марте по льду Илека в сторону реки Тобол и дальше, а в сентябре переходили через Илек уже в обратную сторону.

И вот, с 1835 года жившие между старой и новой линией степняки начали отселяться в Степь, а шедшим на свои жайлау кочевьям преграждался путь. Ясное дело, началось сопротивление и только в 1842 г. новый Оренбургский военный губернатор Обручев издал документ о разрешении казахам оставаться на своих землях между старой и Ново-Оренбургской линиями. По документам в 1861 г. оставшихся там казахов было 10 тысяч семей (более 60 тысяч человек!) и у них имелось 100 тысяч лошадей и много другого скота! Там рядом знаменитый древний город Аркайым, это имя казахского аула, который все-таки выдавили оттуда в те беспокойные времена...

Жоламан и Жаналы батыры весной 1837 г. собрали большинство сарбазов, ведущих партизанскую борьбу на линии «Орск — Троицк», разделили их на отдельные отряды и поставили перед каждым отрядом конкретные задачи.



— В эти годы действовал и Кенесары хан. Встречался ли Жоламан с ним?

— Да, летом 1837 г. Жоламан встречается с султанами Касымом и Кенесары. В 1838 г. возглавляемые Жоламаном 500 аулов откочевывают в Тургайскую степь, к Сырдарье и в Каракумы. Так происходит соединение двух крупных движений за свободу — Жоламана и Касыма, Саржана — Кенесары (1835-1847 гг.). Цель — восстановление независимого Казахского ханства. Зимы 1838 и 1839 гг. Жоламан проводил в Тургайском крае рядом с султаном Касымом. А также на зимовке в Улытау. По сведениям, Жоламан с Касымом и Кенесары состоял в тесных отношениях с лета 1837 г. по лето 1840 г. В связи с возрастом и здоровьем деятельность Жоламана постепенно уменьшалась.

— Вы как-то сказали о трех ходах большой мировой игры. Можно из

ЖИЖИ И ЖЖИ ВВ.

раскрыть в историческом контексте?

— Если по заказу царизма в 1748 г. убили хана Абылхайра, а в 1833 г. уморили в ссылке султана Арынгазы, то в 1917 по заказу мировых стратегов большевики убрали как царизм в целом, так и класс помещиков, капиталистов, священнослужителей, философов, в 1930-е кулаков и баев — для чего, почему?

Это был первый ход шахматной трехходовки — отобрали и сделали собственностью ничьей на одной шестой планеты! Ведь Маркс писал «Капитал» по заказу банкиров Ротшильдов...

Второй ход в 1991 г. — та собственность перешла в руки планировщиков.

Сейчас идет третий ход, который может закончиться матом — 50% вероятности. Планировщик в любом случае не теряется. Поэтому то он стратега, а большевикство игроков — пленники текучки.

— В чем заключается третий ход?

— Как овцы, радующиеся зелени, не чующие, что приближаются волчьи стаи, — таковы уже сотни лет среднеазиатские управленческие слои, занятые мелкими дрязгами. Как и проспали сегодня мирные 30 лет, не создали Среднеазиатско-Кавказский Союз с 80 млн жителей с мощной экономикой, наукой, технологиями и армией, способной защитить себя в такие сумасшедшие дни мира, как сейчас и завтра. Надо уважать и любить всех соседей, они такие, как мы, из тех же клеток состоят, но каждый день в мире что-то меняется и бывает, что приходят авантюристы и наступает анархия, к которой надо всегда быть готовым.

Новый российский порядок начался именно так: уже сами казахи массажи убивали и грабили казахов, а 100 казахов стояли и смотрели — их задача была охранять верного слугу царизма ага султана Каратая... Ничего не изменилось и за 200 лет после той страшной Кобдинской трагедии: в XX веке в гражданскую и при коллективизации русские убивали и грабили русских, казахи — казахов, а сейчас в XXI веке братья русские и украинцы убивают и грабят друг друга в трагедии 2022 г., по наводке тех, кто хочет овладеть их же общей родной землей...

Это третий ход шахматной трехходовки планировщиков после ходов 1917-го и 1991-го гг.

Дойной коровой 200 лет назад названа Европа, а знаете ли, кто сейчас уже 30 лет является самой большой дойной коровой для стратегов мира? Из России сейчас выкачивают многие триллионы долларов, 80% крупных компаний имеют иностранную юрисдикцию, элита и во время преходящей сейчас войны баррель нефти стоит очень дорого — от 80 до почти 100 долларов! Кому выгодно?

РАЗОЧАРОВАНИЕ И НАДЕЖДА...

— Как закончилась деятельность Жоламан батыра?

— В июне 1840 г. ташкентский эмир обманом приглашает султана

Касыма в Ташкент, где султана убивают. По таким и другим действиям руководящих слоев тогдашних среднеазиатских государств, враждовавших между собой, Жоламану стало понятно, что объединения среднеазиатских народов в ближайшем времени не будет и они постепенно, так или иначе, будут поглощены кем-то из соседних более крупных государств — Россией, Китаем или Ираном — в XVIII в. иранский Надиршах доходил до Аральского моря и до Дербента на Кавказе.

В Бухаре Жоламан жил мирно, нейтрально, поняв суть суровой безрадостной реальности в важнейшем для него вопросе. Но желая того, что кто-то из сородичей найдет пути и поведет народы к справедливости и основательности. О том, что он не прерывал связей с Кенесары, свидетельствует факт его участия в асе султану Касыму в мае 1841 года. А в октябре 1841 года при приеме российского посла в Хиве ханом Аллакулом Жоламан тоже присутствовал и на совете держал речь. После чего опять уехал в Бухару.

Около 1845 года Жоламан умер. В Бухарском крае.

— Что надо делать?

— Чтобы сохранить самостоятельность, надо же первым условием иметь достаточно населения, хотя бы как у того же Ирана или у Турции — это возможно только если все среднеазиаты будут в одном союзе. А они грызутся меж собой... И никто, и ничто их пока не может сплотить. Даже знание того, что при кризисах международных отношений слабые гибнут в первую очередь и надо стараться не допускать ни слабости, ни кризиса...

СОЮЗ БЕЗОПАСНОСТИ СРЕДНЕЙ АЗИИ И КАВКАЗА (СБСАК) — СПАСЕНИЕ СРЕДНЕАЗИАТСКИХ И ЗАКАВКАЗСКИХ ГОСУДАРСТВ В XXI В.

— Как развиваться Средней Азии?

— Пандемия, войны и санкции показали не имеющим выхода к морям среднеазиатам, что для устойчивости экономики им необходимо развивать пути во все четыре стороны. Путь на север в РФ отлично налажен, с востоком через КНР развивается, на юг через Афганистан и Пакистан намечается, через Иран начат, а на запад через Каспий, Кавказ и Турцию тоже начат. Говорят, что новые пути кому-то из соседей могут мешать — никак нет, т.к. та же Россия, к примеру, может по ним вывозить свои товары также во все стороны!

Мировая турбулентность и жестокие войны вокруг напоминают и многим проспавшим 30 лет мира о том, что для сохранения своих народов от исчезновения необходимо иметь оборонную организацию хотя бы на уровне соседних Турции и Ирана с населением не менее 70-80 млн человек. С мощными экономикой, наукой, технологиями, армией и общими смыслами.

— И какие ваши предложения?



— Самый оптимальный вариант — это Союз Безопасности Средней Азии и Кавказа (СБСАК) в составе: Азербайджан, Армения, Грузия, Казахстан, Кыргызстан, Таджикистан, Туркменистан, Узбекистан... Опытная база общия для совместной деятельности от бывшего СССР все еще есть, общий для рабочего общения русский язык большинство населения знает, объединяющие смыслы могут быть такими: А) Безопасность, мир и сотрудничество, основывающееся на морально-этических нормах; Б) Право каждого народа и государства на соблюдение традиций и принципов человечности; В) Единая судьба человечества; Г) демократия.

Пункт А — знамя СБСАК, пункт Б — знамя России, высказанное ее руководством в нынешнем 2022 г. как условие сохранения человечества, пункт В — знамя КНР, объявляемое ее руководством уже несколько лет, пункт Г — вечное знамя США и ООН.

— Есть ли база для такого союза?

— Применение вышеуказанных смыслов могут подтвердить, например, проведенные в нынешнем году международные мероприятия в РК и других странах: съезды мировых религий, заседания СВМДА и другие. А также следование этим смыслам на деле. Четко надо знать, что СБСАК никому из трех соперничающих гигантов (США, КНР, РФ) не делает вреда и направлено в первую очередь на безопасность своих народов и государств.

— Турция не может быть в этом союзе?

— Да, кто-то скажет, а почему в списке нет Турции? Ответ: Турция является членом НАТО и Россия еще с юга НАТО не потерпит — ответит как на Украине. Да и вообще не потерпит «АнтиРоссию» у своих границ с любой стороны — это знает каждый из субъектов международного права и не должен себе позволять лишнего.

Турция прекрасно сотрудничает с Россией во многих областях, как и с множеством других государств, ведет отличную работу в организации тюркских государств и, конечно, не будет претендовать на вхождение в СБСАК. Наоборот, постарается оптимально сотрудничать с СБСАК в организации пути через свою территорию во все стороны — как и с российским газом и другими вешами. Причина — сегодня в руководстве Турецкой республики очень деловые люди.

Кто-то скажет критику в адрес русского языка, как рабочего, при общении... Ну, давайте любой еще другой, хоть марсианский — но разве им владеет большинство населения? Надо же исходить из реальности, которая есть, а не из фантазий.

О СТРАТЕГИЧЕСКОМ БУДУЩЕМ СРЕДНЕЙ АЗИИ И ЗАКАВКАЗЬЯ

— Почему именно сейчас очень актуален СБСАК?

— 30 лет Средняя Азия и Закавказье были такой тихой геополитической полупустыней — никто из гигантов в политическом смысле сюда особо не заглядывал. Только Китай без шума и пыли наращивал здесь экономические мускулы, что, конечно, скажется в нужное время и политическими результатами. Запад создал здесь систему сырьевой вывозной экономики и спокойно выдает немалую часть того, что дают недра, например, из Казахстана.

Россия, из которой также выдены на Запад триллионы долларов, в свою очередь без того, что плохо лежит, тоже не трем, зато — например, ни один год из 30 Казахстан не имел в торговле с ней положительного баланса, перекачавший сотни миллиардов долларов северной соседке за счет разницы между импортом и экспортом. Конечно, в этом виноваты и сами местные, не пускавшие деньги от нефти, газа, металлов на создание промышленных, технологичных, наукоемких производств, дающих современную передовую продукцию, но мы говорим по данной теме.

А в геополитике была благодатная убаюкивающая тишина и многие овцы не думали о том, что когда-то могут придти на зеленое пастбище и волки.

И вот этот момент подкрался очень незаметно... Для многих... Вспышка войны в Закавказье,

вспышки на границах государств Средней Азии, инциденты в Каракалпакистане, январские бунты в Казахстане — разведки боем...

— Какие есть прогнозы?

— По прогнозам геостратегов, колонны бородачей и прочих зеленых человечков выстут на арену около 2023 г. (прочтите, к примеру, статью А.Школьникова «Геостратегический взгляд на будущее Средней Азии»).

Причина — обострение противоречий между США с одной стороны и Россией с Китаем с другой стороны ведет к использованию многих возможностей в данном случае — создания хаоса в среднеазиатском и кавказском регионах. Чтобы противостоять хаосу, нужна организованная во всех смыслах дружелюбная дружка к другу территория с хорошей армией и с населением как у Турции и Ирана в 70-80 млн человек. Если таковой не будет все (!) из 8 стран Средней Азии и Закавказья испытают неопишущий ужас от пришельцев и будут поделены по соседям.

Казалось бы, какой хороший сосед Иран! А на позапрошлых выборах в президенты в предвыборной речи пообещал в случае президентства присоединить к Ирану без единого выстрела (?) некоторые соседние страны (из Средней Азии и Закавказья)... Не говоря о других желающих.

Вероятность хаоса 50% — такова сегодня историческая реальность.

— И в заключение.

— Как сказал глава государства, нет экстремизму, нет терроризму, нет сепаратизму. Только единство и результативный труд есть залог благоприятного будущего. Будем же благодарны друг к другу!

Вспомним батыра Жоламана и хана Кенесары!

— Торегали Абдуллаулы, огромное спасибо за интересное интервью и за предложения!

P.S. За время подготовки интервью к публикации стало известно, что МИД РК подготовил проект договора между Казахстаном и Узбекистаном о союзнических отношениях, где в частности говорится: «В случае возникновения ситуации, которая, по мнению одной из сторон, представляет собой угрозу вооруженного нападения со стороны третьих государств, то стороны незамедлительно проведут соответствующие консультации друг с другом... с целью принятия мер, способствующих ее мирному урегулированию... Ни одна из сторон не допускает, чтобы ее территория и ресурсы были использованы в целях подготовки или осуществления агрессии или иных враждебных действий против другой стороны, а также в ущерб государственному суверенитету, безопасности и территориальной целостности другой стороны...».

Дастан ЕЛДЕС

КАК ВОЗРОДИТЬ ЧИСТЫЙ КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК? — РЕКОМЕНДАЦИИ ПИСАТЕЛЯ

Древний красивый казахский язык мало кто знает, не говоря уже о бытовом. Интерес к нему пытаются привить через мифы, легенды и сказки. Однако книги со сказками на казахском языке не так популярны, как на русском...

Развитие и продвижение государственного языка в Казахстане идет медленно. По-прежнему казахским владеют не все, а многие знают его лишь на бытовом уровне. А ведь литературный казахский красивый и могущественный, и нам нужно его возрождать. Об этом рассказала 365info.kz Галия Утебекова, писатель и автор проекта «Возвращение Умай».

ЯЗЫК КАК НАСЛЕДИЕ

По ее словам, технологический уклад жизни, начавшийся в степи сто лет назад, отодвинул казахский язык на второй план.

Языком технологии, науки, а впоследствии литературы, искусства и культуры больше стал русский. В результате в наши дни казахский язык больше используется для бытового общения.

— Сегодня наш народ переживает за утрату того объемного образного литературного казахского языка. А ведь в нем целая вселенная, заложено очень много понятий и правил жизни. У нашего народа не так много артефактов, памятников культурного наследия, предметов живописи и материальных накоплений — этого было мало в кочевой жизни. Наши «сокровища» заключены именно в языке — вся красота, образы и мудрость народа. И это может раскрыться, если мы серьезно отнесемся к сохранению и распространению того самого литературного казахского языка.

НАРОДНАЯ ИНИЦИАТИВА

— Галия Алтынбековна, на ваш взгляд, что нужно делать, чтобы как можно больше людей



Галия Утебекова и
Вячеслав Люйко

стремились изучать казахский язык и почему подход «запретить все русское», чтобы все учили казахский, тупиковый?

— Да, соглашусь, подобный



Иллюстрация Вячеслава Люйко



подход тупиковый — нельзя заставить любить что-либо, в том числе и язык. В то же время многие действительно стремятся изучать казахский язык. Большинство русскоязычных людей, не казахов, которые владеют казахским, искренне гордятся этим. Да и сами казахи всегда радуются, если представители других национальностей говорят на казахском языке. Когда ты слышишь казахскую речь, это греет душу.

— И я вас уверяю, люди с удовольствием изучали бы казахский, если бы были методики и если бы были разработаны хорошие литературные пособия.

Со своей стороны в рамках проекта «Возвращение Умай» мы создали книги со сказками на двух языках. У нас в коллективе много творческих людей, в том числе и волонтеров.

Можно сказать это народная инициатива. Почему Умай?

Потому что это богиня-волшебница, хранительница очага, символ матери. Она оберегает детей. Мы подумали, что этот материнский образ поможет вернуть и наше тысячелетнее наследие, ведь Умай — мать всех тюркских народов.

Наша мифология очень древняя, а в новых сказках мы ее оосовременили. Сначала они были написаны на русском, потом мы перевели их на казахский язык и привлекли для этого лучших переводчиков.

СКАЗКИ И ТУРИЗМ

— О чем ваши сказки?

— У нас целая виртуальная реальность, и главенствует в ней богиня Умай. Согласно легендам она всегда охраняла наш народ, вот и в сказках она всегда прилетает к героям, когда они что-то осознают. В целом сказки о добре, взаимопонима-



Иллюстрация Нурлана Абишева

нии, зависти и дружбе — в них есть все.

— Как к вам пришла идея написать такие сказки?

— Все началось семь лет назад. Мы искали идеальных героев для туризма, которых можно популяризовать как гарантов доброты и человечности казахского народа. Не агрессивных героев, таких как Чингисхан, на которого все привыкли ссылаться, а таких, которые могли бы передать свойственный казахам тепло. И мы подумали, что Умай может это показать.

— Как публика приняла ваши книги?

— В русском варианте они просто «улетели» — было всего 200 экземпляров. Сейчас в книжном магазине остались книги на казахском языке. И мы видим, что на них не такой большой спрос.

Полагаю, что это связано в том числе и с тем, что в казахском варианте книга получилась дороже. Мы решили сделать ее более красивой, что называется вложили всю душу

Иллюстрации для казахского варианта сделал известный художник Вячеслав Люйко.

А книгу на русском языке иллюстрировал Нурлан Абишев. В целом в эту работу включились очень многие.

Ко всему прочему, предусмотрен и аудио-вариант. Если человек не знает, как читать на казахском языке, он может прослушать книгу по QR-коду. Там шикарное мелодичное чтение — читает заслуженный преподаватель КазССР Карлыга Абдрахманова.

Кроме того, есть аудио-версии на английском, русском, а также китайском языках. Мы это сделали в том числе и для туристов из Китая, чтобы у них была возможность при желании узнать что-то о нашей культуре. О том, что было и кто жил на этих огромных пространствах тысячу лет назад, во что верили эти люди, в какие легенды и мифы. Это всегда интересно...

Татьяна КИСЕЛЕВА

20 интересных фактов о казахском языке

1. На казахском языке говорят более 15 миллионов человек. Почти 1,8 млн представителей других народов также владеет казахским в той или иной степени. Наибольший процент владения наблюдается среди родственных тюркских народов: узбеков, уйгуров, киргизов, турок, азербайджанцев, татар.

2. Казахский алфавит претерпел много изменений. Изначально казахи пользовались рунической азбукой, которая состояла из 24 букв и знака, который разделял слова. Позже под арабско-мусульманским влиянием казахи перешли на арабское письмо. С 1929 по 1940 г. жители страны пользовались латинской графикой, а затем стали писать на кириллице.

3. Казахский кириллический алфавит — алфавит, используемый в Казахстане и Монголии. Этот алфавит, разработанный С. А. Аманжоловым и принятый в 1940 г., содержит 42 буквы: 33 буквы русского алфавита и 9 специфических букв казахского языка.

4. Казахский используется и в Иране, и в Турции, и в Монголии, и в Афганистане, и даже в Германии. В свое время в Казахстане жило довольно много этнических немцев, выселенных с Поволжья. А когда вместе с перестройкой поднялась волна возвращающихся на историческую родину, она захватила с собой и немало носителей казахского языка.

5. Казахский язык является едва ли не первым языком мира, для которого была

создана уникальная компьютерная азбука под названием «казновица», которая сейчас практически не используется. Такую азбуку пришлось создавать, так как казахский кириллический алфавит содержит 9 букв, которые нельзя передать обычными шрифтами. Казновица подменяла их диграфами с буквами, которые в русском языке обозначают твердый и мягкий знаки.

6. Владея казахским языком, вы сможете понимать в той или иной степени турецкий, азербайджанский, киргизский и др. языки.

7. Казахский язык один из самых богатых и красивых языков мира. Словарь казахского языка насчитывает 166 000 слов.

8. Казахи, которые живут в Китае, Пакистане, Иране и Афганистане, до сих пор используют арабский вариант алфавита. Кроме того, он признан официальным в Или-Казахском автономном округе, а также на территории Тарбагатайского и Алтайского айманов.

9. Казахский язык, наравне с русским был первым в космосе. Первые спутники снабжались пакетом с данными, на котором было написано «Жолдастар! Мына пакетті кім тапса жакын жердегі жергілікті советке табыс етілсін».

И только потом в космосе физически побывали английский, французский, китайский, японский и др. Так что имеем право всем показать язык в этот день, казахский язык первым был в космосе.

10. В казахском языке ударение в основном падает на последний слог. Согласные звуки в слогах с твердыми гласными произносятся твердо, с мягкими гласными — мягко.

11. Еще одна особенность казахского языка состоит в отсутствии предлогов. Значение русских предлогов большей частью передается посредством послеслогов, а также в форме косвенных падежей. Если перед существительным стоит числительное, то окончание множественного числа в существительном не употребляется. Числительные и прилагательные в функции определения перед существительными не изменяются ни в числе, ни в падеже.

12. Категория рода в казахском языке тоже отсутствует. Поэтому одно и то же прилагательное, местоимение, или порядковое числительное, в зависимости от смысла предложения, может переводиться на русский язык в мужском, женском или среднем роде. Именные части речи, в отличие от русского языка, изменяются по лицам.

13. Казахский язык как большинство восточных языков отличается тем, что глагол стоит всегда в конце предложения.

14. Самое длинное слово в казахском языке — «канағаттандырылмағандықтарыңыздан» состоит из 33 букв и переводится как «из-за вашего недовольства» при уважительном обращении к нескольким лицам.

15. Многие исследователи языков схо-

дятся во мнении, что русское слово «деньги» произошло от тюркского «денге» или «тенге». Национальная валюта Казахстана называется «тенге», как и туркменская разменная монета.

16. Диалектных различий современного казахского языка практически не наблюдается, различают лишь три вида казахских говоров: северо-восточный, южный и западный.

17. Казахский язык развивается, используя неологизмы и принимая в себя слова из других языков. В Казахстане стараются проводить тотальную ревизию лексикона казахского языка. Перевели все распространенные международные слова на казахский язык. Всемирно распространенное слово «процент» заменили другим иностранным словом «пайыз», аэропорт теперь называют «әуежай». Это слово имеет значение «воздушный дом».

18. В Казахстане около 80% казахских детей учатся в казахских школах.

19. Казахи из Китая пользуются арабской графикой не только в быту, но и в СМИ.

20. По сравнению с другими бывшими республиками Союза Казахстан по языковой ситуации занимает предпоследнее место перед Белоруссией. Казахстан и Кыргызстан более русифицированы, чем Узбекистан либо Туркменистан. И поэтому очень сильна позиция русского языка.

День эпоса «Манас» отмечается в Кыргызстане.

4 декабря в Кыргызстане отмечается День эпоса «Манас», сообщает Vecher.kz.

Исполняющий обязанности президента Кыргызстана Талант Мамытов, поздравляя соотечественников с этим знаковым событием, подчеркнул значимость эпоса в качестве национального достояния и фактора идентичности всего кыргызского народа.

КАК МУХТАР АУЭЗОВ СПАС НАЦИОНАЛЬНОЕ ДОСТОЯНИЕ КЫРГЫЗОВ

«Уникальность народа заложена в его языке и культуре. На протяжении веков эпос «Манас» нес в себе язык и культуру кыргызского народа. Эпос как символ национального достоинства и единства, сохраняя через все исторические испытания дух народа, его веру в лучшее, стал духовным богатством и непревзойденным наследием нашего народа», - отметил глава Кыргызстана.

эпизод «Манаса» посвящен походу киргизов в Китай и взятию его центрального города – Бейджина, и это исторический факт. Исходя из этого, Мухтар Ауэзов высказал предположение, что умерший в 847 году завоеватель этого города и есть Манас. Первые песни-поэмы о герое, как того требовал обычай, создавались в год смерти исторической личности.

– Когда речь заходит о «Ма-



«Манас» – это не просто крупнейший кыргызский эпос, это жемчужина эпического наследия всего кыргызского народа, памятник его языка и духовности. Главный герой эпоса – богатырь, объединивший кыргызов, также носит имя Манас.

Сегодня об «Илиаде» кыргызского народа» известно многое. Тысячу с лишним лет эпос передавался из уст в уста. Но был момент, когда великая духовная цепь поколений могла прерваться навсегда. Если бы не славные сыны казахского народа – Чокан Валиханов и Мухтар Ауэзов, внесшие неоценимый вклад в судьбу монументального творения.

О времени возникновения духовного наследия кыргызов современные исследователи расходятся во мнениях, но считается, что он имеет тысячелетнюю историю. Именно Мухтар Ауэзов выдвинул идею, что возникновение эпоса «Манас» относится к IX веку, что он подтверждает и сопоставляет фактами из древней истории, не соглашаясь с мнением В.И. Жирмунского, относившим возникновение эпоса к XV - XVIII векам. Исследуя эпос «Манас» М. Ауэзов сопоставляет его с известными в мире эпосами, как высочайшее достижение всей человеческой культуры.

Эпос назван по имени главного героя, время его создания точно не установлено. Согласно версии Мухтара Ауэзова, это примерно 840 год. Почему именно этот период? Центральный

насе», невозможно обойтись без упоминания имени замечательного казахского ученого, члена Русского географического общества Чокана Валиханова, – говорит автор последнего перевода великого эпоса на русский язык, известный кыргызский и советский драматург Мар Байджиев. – Ознакомившись с кыргызским эпосом, он сравнил «Манас» с «Илиадой» Гомера, а «Семетей», вторую его часть, назвал среднеазиатской «Одиссеей». Валиханов первым записал «Манас» и, включив его в свои труды, сообщил о нем миру: отрывки из эпоса он обнародовал в Петербургской академии наук, а в 1904 году эпос был опубликован в России в составе его трудов. Через 30 лет по следам Чокана Валиханова в Киргизию приехал известный ученый, академик-востоковед, этнический немец Василий Радлов. Записав



фрагменты трех частей эпоса, он опубликовал их в 1885 году в Санкт-Петербурге на кыргызском языке в русской транскрипции. Свой перевод эпоса на немецком языке он издал в том же году в Лейпциге.

Мухтар Ауэзов приехал во Фрунзе (прим.ред: нынешний Бишкек) для сбора материала и изучения «Манаса» в 1928 году. В то время он состоял действительным членом Восточно-Сибирского отделения Российского географического общества, был известным драматургом и педагогом, вышла в свет его повесть «Лихая година», а еще Мухтар Ауэзов снискал к тому времени славу крупнейшего специалиста в области изучения древнего эпоса. Поэтому именно ему было поручено сектором манасоведения Института языка, литературы и фольклора Киргизии написать фундаментальный труд о древнем шедевре.



История кыргызов во все времена созидалась и сопровождалась великими сказителями – манасчи. В советскую бытность их сказания о Манасе стали записывать, начиная с 1922 года. В то время было всего два рапсода-манасчи – Сагымбай Орозбаков

и более молодой Саякбай Каралаев (рапсод, в отличие от других сказителей, знает все три части эпоса). Сагымбай Орозбаков, ушедший из жизни в 1926 году, успел спеть только первую часть трилогии – собственно «Манас». Затем запись была продолжена у Саякбая Каралаева. Работая над текстом, Мухтар Ауэзов неоднократно, как вспоминали современники, устраивал публичные выступления многих манасчи. Каждого он записывал и тщательно сопоставлял. Так из многих сказаний выкристаллизовывался литературный вариант бессмертного творения.

Говорят, что Мухтар Ауэзову посчастливилось встретиться с великим манасчи Сагымбаем Орозбаковым. Об этом рассказывала дочь манасчи Базаркула Даниярова Кутпа, но в действительности историки полагают, что они не виделись, о чем Ауэзов, безусловно, очень сожалел. С Сагымбаем Мухтар Ауэзов действительно не успел встретиться. Прослушав же проникновенный плач жены Манаса Каныкей в исполнении Саякбая, он, говорят, зарыдал, а потом сказал: «Если тебя не потеряет, Саякбай, человечество потеряет бесценную свою реликвию».

Во время работы Ауэзов неоднократно устраивал публичные выступления многих манасчи и каждое выступление записывалось и тщательно сопоставлялось. Так из сказаний выкристаллизовывался литературный вариант бессмертного творения.

– Мухтар Омарханович, безусловно, сыграл решающую роль в судьбе манасоведческой науки, – считает Мар Байджиев. – Многие из тех, кто собирал в 30-х годах сведения о Манасе, были обвинены в национализме, пантюркизме, пан-исламизме и

расстреляны. Но Бог каким-то чудом спас Ауэзова.

Накануне памятного 1937-го партия стала проявлять интерес к национальной интеллигенции, поощряя ее творческие изыскания. Но некое подобие оттепели было всего лишь иллюзией: 1 октября 1930 года Ауэзова арестовывают в Ташкенте. Все рукописи к готовящейся монографии по «Манасу» были изъяты, а сам писатель этапирован в Алма-Ату. Его обвинили во вредительстве и в связях с движением «Алашорда».

После освобождения Мухтар Ауэзов вновь занялся эпосом. В 1935 году он принимает участие в совещании по пропаганде народного наследия, проходившем в Киргизии.

Опустим ряд событий, предшествовавших главному эпизоду в излагаемой истории – Всесоюзной дис-куссии летом 1952 года во Фрунзе, посвященной эпосу «Манас», в которой принял участие Мухтар Ауэзов.

...Перед дискуссией о судьбе «Манаса» партийная пресса активно подготавливала общественное мнение публикацией серии статей. Насаждалось мнение, что произведение антинародно, что оно – фео-дальная поэзия. То есть вновь расцветал лобовой «классовый подход» к высшему достижению духовной культуры народа.

Конференция длилась около недели, шла борьба мнений. Перелом наступил, когда на трибуну вышел Мухтар Ауэзов. Только он нашел те единственные слова, которые убедили руководство республики сохранить «Манас». В его выступлении были отражены этапы кыргызской истории, многовековая культура акынов, мифы, легенды, крылатые слова. Мэтр казахской литературы поставил задачу издать все известные варианты «Манаса» и определил конкретные пути претворения этой большой научной задачи, в которой сам принимал активное участие.

«Защищая эпос, Ауэзов доказывал, что это величайшее произведение устного народного творчества, равного которому в мире. И что будет преступлением против человечества вычеркнуть его из памяти народа. Интеллигентный облик, убедительность и ораторские способности писателя были настолько сильны, что он сумел повернуть ход событий в другую сторону», – вспоминал Чингиз Айтматов.

Благодаря титаническим действиям Мухтара Ауэзова «Манас» стал символом кыргызской нации.

Имя Мухтара Ауэзова с того памятного июньского дня 1952 года золотыми буквами высечено в летописи народной памяти кыргызов. В 1957 году правительство советской Киргизии выделило Ауэзову небольшой участок земли в Чолпон-Ате, где писатель построил дачу. Он говорил, что если бы судьба подарила ему вторую жизнь, он прожил бы ее на берегу Иссык-Куля.

Отметим, имя великого классика казахской литературы увековечено в названии улицы Бишкека, там же в его честь установлена мемориальная доска. К слову, в Алматы в честь эпоса «Манас» названа одна из центральных улиц.



Дом-музей Мухтара Ауэзова в Чолпон-Ате

(Жалғасы.
Басы өткен санда)ҰЛЫ ТАУҒА
ТАРТҚАН КӨШ

«Шыңғыс хан жазғытұрым өз жұртына қарай бағыт алды. Жол бойы уәлаяттар мен қалаларға билеушілер мен даруғалар қойып, Әму суынан өтіп, Бұхараға келді. Бұл жерде оған жан-жаққа жіберген ханзадалар мен нояндар қосылды», – деп бастайды Әбілғазы хан



Оңғар НАҚЫП

«Түрік шежіресінің» «Шыңғыс ханның өз жұртына оралуы» тарауын. Жан-жақтан ханзадалар мен нояндарды қатарына қосып алғанына қарағанда, алдағы үлкен іс-шараның мәніне қаған отбасы ғана емес, өзін қоршаған ортаның да толығымен қаныққанын қалайтыны байқалады.

Қаған жол бойындағы Бұқара шәһәрі маңына тізгінін тежеп, дін иелерін өз құзырына шақырады. Шақырудың мәнісін білмей абдырап, бойларын үрей билеген Ашыраф атты кази мен уағызшының көңілдері қағанның жылы жүзін көргенде ғана сабасына түсіпті. Шыңғыс хан аман-саулық сұрасқан соң, оларға мұсылман дінінің мән-жайын білгісі келетінін айтады. «Мұсылман деген Құдайдың құлы деген сөз. Құдай жалғыз, ол ешкімге ұқсамайды, оның тұртұлғасы жоқ», – деп сөзін кази білемін», – деп қолдау білдіріпті қаған. Дін иелері сөздерін жалғап, Мұхаммед пайғамбар Алланың елшісі екені, бес уақыт намаз оқып, құлшылық жасау, ораза ұстау, мекештер мен шарттары туралы айтқандарын қаған теріс көрмеген секілді. Тек олардың: «Құдайдың Меккеде Қаба атты үйі бар, күш-қуатымыз жетсе, соған барамыз», – дегеніне келгенде, Шыңғыс хан: «Дүние жүзінің бәрі Тәңірдің үйі емес пе, бір жерге барып керегі не?» – деп, пікірін ашық білдіріпті. Әңгіменің барысында өзі ұстанатын тәңіршілдік пен мұсылманшылықтың қиылыспайтын тұстарын байқаса да, ол туралы сөз қозғамаған қаған дінбасыларының өзіне қандай тілектері бар екенін білгісі келеді. Діндарлар өздерін қорғайтын жарлық беруін өтінеді. Шыңғыс хан мұсылман қауымының бұл өтінішін қанағаттандырып, арнайы жарлық шығарады. Зандық күші бар бұл құжаттың мәтініне мешіттер мен дін иелерінен салық алынбасын, діни мекемелердің мемлекеттен тәуелсіздігі қамтамасыз етілген деген баптар енгізілген болатын. Жарлықтың мәтіні ел ішіне түгел тарауын қадағалауды қаған орда шербиіне жүктейді.

Қаған Бұқарадан өтіп, Самарқандқа келген соң, Жошыға хабаршы жіберіп, оған көштің келе жатқанын мәлім қылады. Әкесінің Ұлытауға бет алған бұл сапарының мән-жайынан толық хабардар Жошы хан оған тарту ретінде көк, торы, қара, жирен, ақбоз түсті мыңдаған жылқы үйірлерін күнібұрын іріктеуге кірісіп, бұл жұмыстар аяқтала бере Ұлы тауға жол тартқан көш сайын далаға дендей кіріп келе жатты. Мамыр айы жартысынан ауған кезде көкке молынан кенеліп, қонданған бес түсті бес жүз мың жылқы түлігі (Әбілғазы келтірген дерек) легімен көз алдынан өткенін көрген қаған ұлына ризалығын білдіріп, өз тарапынан Жошыға алтын көзе

бойынша құрылды: хан орталыққа басшылық жасайды, ал шығыс және батыс шадтары – екі канатқа әмірлерін жүргізеді. Шадтар қанда ханзадалар болды және таңдаулы әскерлерді басқарды: Ханша басқару ісін өзінің сүйкімдісіне, қарапайым тарханға тапсырды, міне бұл жоғары қолбасшылық адамдары арасында күнкіл туғызды. Наразылықтың бетін қайтару үшін ханша батыс шадын өлтіруге өз ұлының көзін жеткізді. Шығыс шады Панкүл өзінің әскерімен хан ордасына шабуыл жасап, ханды өлтірді, сонан соң таққа марқұмның ұлын отырғызды. Алайда Панкүлдің қарсыласы жабғы Құт (қыт. Гуду) жаңа ханды өлтіріп, орнына оның

қағанатын құруға, оның іргесін бекітуге үлкен үлес қосқаны дау тудырмайды. Сонда да болса оның болмысынан түркілік дәстүрді менсінбеушілігі де, кейде тіпті «семіз өгіз бен арық өгізді айыра алмайды» деп, ханның өзіне де биіктен қарайтыны байқалатын. Оның бұл мінезі қытайлық ортада қалыптасса керек. Бір ғажабы, оның түркілік ортадан оқшау, қытайлықтарға тән болмысы қызы – Білгі ханның жары Бөбек ханымның бойынан да байқалатын. Атырабындағылар ханымның бұл үстем мінезін ханға еркелігінен деп жоритын. Шын мәнінде, Бөбек ханымның өзіне деген ханның сенімі мен махаббатын жеке басының мүддесі үшін асыра

қарсы алушылармен бірге басқан қарасы мол көшті тау етегіндегі кең жазықта ақбоз үйлерін тіккен рубасыларлардың күнқұрат Саңғыл би. бастаған жүзқаралы үлкен тобы күтіп алды. Шыңғысты ақ киізге отырғызып, хан көтеру рәсіміне қатысқан аталмыш бидің ел ішінде абырой-беделі зор болатын. Қаған оның қолын алып, кідірген сәтінде:

– Бытыраған қалың рудың басын қосып, Ұлыс елді құраған қағанның көруге халқың күштар еді, қош келіпсің, арысым! Ұлыстың Ұлы тауына басқан қадамның құтты болсын, Шың құсындай қыраным! – деп қол жайып бата берді.

Қаған ордасының қалың елдің ортасына қоныс аударуына орай Ұлытаудың етегінде үлкен ас беріліп, тайқазандардан сыбағалар тартылып, ел-жұрт мәре-сәре болып жатқанын көрген қағанның көңілін шаттық сезімі биледі. Саңғыл бидің сыртында тұрған жырау осы сәтті пайдаланып, ханға арнаған толғауын: «Оғыз ханнан хан тағы сан ғасырға жалғасқан, Алаштың елі – бар бағы Шыңғыс ханға ұласқан...», – деп бастап жіберді. Хан жырауды бөгемей, мұқият тындап, оның иығына қолын салып, алғысын білдірді. Орда шербиі ақынға мезірет жасауды ұмытқан жоқ. Елге мәлім жыраулар мен әнші-күйшілер мерекелік бұл жиынның көркіне айналған. Қаған нөкерлерімен бірге ортадағы алаңдағы палуандар күресін де тамашалады.

Бірегей ел болудың қуанышы осылай шарасынан асып-тасып жатқан кезде төрт ұлының кенжесі Төленің Қалқа даласындағы «қара шаңырағы» - ордасынан арнайы келген Бөрте бегім мен абысыны, «скінші ханым» – қағанның бесінші ұлы Құлықанның анасы Құлан қатын және қызметшілері қағанның, Рашид ад-Дин «ішіне мың адам сиятын, уықтары алтыннан жасалған» деп сипаттайтын Алтын ордасын тігіп, оның іші-сыртын атына сай әрлеумен айналысты. Өзге жұрт үшін әлі болса түсініксіз, алайда қағанның арманы – «Алаш» атты елінің ордасы Ұлы таудағы Қаракенгір өзені бойында осылай орын тепті. Ежелгі хандар әулетінің мекені болған Қалқа өзені бойындағы Алты Қалаштың ордасы сол мекеннен жылжыған жоқ. Ол қасиетті жер мен орда отшығын – кіші ұлы Төлеге еншіленді. Бөрте бегім қара шаңырақта отырған болатын.

Он бес жасынан басталған арман жолындағы күресің толық жеңіспен аяқтаса да, тізе бүккен елдер мен шәһарларды төрт ұлына еншілеп берген қаған алаңсыз көңіл-күймен Ұлы тауда бой көтерген жаңа Алтын ордасы төріне келіп жайғасты. Осы жолда ақылшысы әрі көмекшісі болған кіші әкесі Меңлеке Шыңғыс ханның оң жағында, барлық әмірлерден жоғары орын алды. Одан кейін Тоғышар мен Сүбедей баһадүрлер отырды. Сол қол жағында Бөрте бегімнің інісі, төрт ұлының нағашы атасы Алшы ноян орнықты. Ары қарай отбасының өзге де құдаларынан кейін хандық лауазым иелері – төрт ұлы өз жартысына орай орын алды. Жошы ұлысына қарасты рулардың билері орданың екі қанатына келіп тізе бүгісті. Орда ішіндегілердің бәрі кілең түменбасылар мен мыңбасылар. Қағанның қалауымен әскери және рулық құрылысты ұштастырып-ұластыру елді осылай жұдырықтай жұмылдыруға, темірдей тәртіп орнатуға қол жеткізген.

ШЫҢҒЫС ХАН
ТАРИХЫ

пайдаланатыны жесір қалған кезде жасаған теріс қадамдары арқылы хан әулеті қатарында толық әшкереленгенін көріп отырмыз.

Тарихи деректе ханның 734 жылы түріктердің Қытайда елшілік қызметте болған Мейлүбек деген біреумен бірге ас ішкен сәтте, оның қолынан улауынан қайтыс болғаны айтылады. Оқиғалар барысынан көріп отырғанымыздай, Бөбек ханымның да Қытай елі арнайы қызметімен байланыста болғаны көзге ұрып тұр. Орда күзет қызметінде болған тарханмен ашыналасы, хан әулетіне қатысы болмаса да, оны орданың басшылық лауазымына тартуы бізді Білгі хан өліміне Бөбек ханымның да қатысы болуы мүмкін деген ойға жетелейді. Ханымның мекерлігінен туындаған төңкерістердің ақырында тархан жетекшілігіндегі тайпыныс Қытайға бастап барып, Қорған сыртындағы шекаралық қызметке орналастыруы, патша сарайынан марапатталуы оның көрші елмен мүдделестігін, байланыста болғанын байқатып тұр.

Тархан бастаған тайпаның қорған маңындағы аяқарған қызметіне байланысты «Жалайыр» деген елдік атау алғаны да тарихтан мәлім. Бұл туралы академик Тілеуберді Сайдұлдин былай дейді: «Ал жалайырға келсек, ол ат жалына қатысы жоқ атау. Ерте заманда «жал» деп қорғанды атаған. Бұл ру Қытайдан төлем алып, Қытай қорғанын сырттай бақылайтын болған» («Дат» газеті: 27-08-2014). Тайпаның Қайду хан заманымен тұспа-тұс кезде іргелес Қытайдың шапқыншылығына ұшырап, ол жақтан арып-ашып келгенін де білеміз. Сөйтіп, тегі намәлім Бөбек ханым салған ылаң жалайырларға да зардабын тигізіпті.

Сондай-ақ тектілік пен тексіздік арасындағы даудың ақыры Түрік қағанатының екіге бөлінуіне әкеліп соққаны туралы әңгіме де хандар әулетіне ежелден мәлім еді. Шыңғыс ханның тектілікке баса мән беруі, жалтық талаптары туралы арнайы жарлық жариялауы осыған ұқсас тарихи деректерден толық хабардар болуынан деп түсінген жөн.

...Алдағы бірнеше күндік жолды

тарту етеді. Жошы інілерін бауырына тартып, ағалық мейірімін білдіреді. Көшті қарсы алуға келген қағанның туған-туыстары мен құдалары қатарында күнқұрат Дай шешеннің ұлы, Бөрте бегімнің інісі, яғни Шыңғыстың құрдасы әрі қайын інісі Алшы ноян бар еді. Жошы ханның жары, Батудың анасы Үкі фу-жин мен Қалқадағы қара шаңырақта отырған Төленің келіні, яғни Құбылайдың сүйікті жары Жабұн осы Алшы ноянның қыздары, ал Төленің екінші ұлы Жұриқаның жары Бұлағай Алшы ноянның немересі болатын. Содан да Шыңғыс хан әулетінің оған деген ықыласы ерекше. Шыңғыс қағанның Құжын бике және Тамалұн атты қыздарын алған күнқұрат нояндары Бұту гүрген мен Дарғы гүрген, сондай-ақ Төле ханның құдасы – Меңкелін жары Хұнықтайдың әкесі Қуылдай атты белгілі күнқұрат әмірі қарсы алушылар қатарында бой көрсетті. Шыңғыс қаған олардың бәрін бауырына тартып, мейірімге бөледі. Олар да қуаныштарымен ортақтасты. Көшті қоршаған нөкерлері мен әмірлерінің, сондай-ақ Жошы ханмен бірге алдан шығып қарсы алушылардың дені, сол заманның қатал тәртібіне сәйкес, тектілікке баса мән беретін Шыңғыс қағанның тікелей сұрыптауынан өткен, қалауымен қалыптасқан орданың негізгі құрамы күнқұраттан болатын.

Ежелгі хандық дәстүрдің мүшесі ретінде оның ішкі тәртібін бала жастан ұғып өскен Шыңғыс тектілік қағидаттары ескерілмеген жағдайда оның салдары өте ауыр болуы мүмкін екенін тарихтан білетін. Оның бір көрінісі – Көк түріктер қағанатының ақырғы кезеңінде орын алған қанды қырғынның себепкері Білгі ханның жесірі Бөбек ханымның мекерлігі екені хандар әулетінің санасында өшпестей сақталған. Бұл тарихи оқиға туралы Л.Гумилев былай дейді: «...Білгі хан мен Иоллығ тегін ақсүйектердің өз бетімен кетушілігін басып отырды, бірақ Тәңіріхан кезінде билік жүргізуді ханша-ана, Тоныкөктің қызы По-бек өз қолына алып алды. Орда әдеттегі түріктік принцип

інісін қойды. Әулет қауіп-қатердің астында қалды. Құт өзінің бас-көз болуға қойған адамын өлтіріп, тақты заңсыз иемденіп алды (741 ж.). Тақты заңсыз иемдену іште сақталған барлық өкпе-зәбірдің бұрқ ете қалуына түрткі болып, дала көгалдарына судай ақты... Түріктер қателескендерін байқап қалып, Панкүлдің ұлын Озмышхан құрметті атпен хан сайлады. Империя үкіметі Озмышханға империя жағына шығуды ұсынды. Озмышхан олай етуден бас тартты. Бірақ басмалдардың, ұйғырлар мен карлұқтардың бірлескен күштері... Озмышханды өлтіріп, оның басын Чаньанға жөнелтті. Алайда, түріктердің ымыраға келмейтін бөлігі қаруларын тастамай, ... Бәймейханның ұлы Құлынбекті таққа отырғызды. Онымен бірге тек ежелгі түрік даңқына берілгендердің неғұрлым табанды бөлігі ғана қалды. 744 ж. күрес әлі жүріп жатты... Тірі қалған өз жақтастарын Білгі ханның жесірі, Тоныкөктің қызы По-бек басқарып, өткеру шартын алдынала келіскен бойда Қытайға алып келді, олар шекаралық әскер сапына қосылды, ал По-бек патшазада әйел құрметті атағы мен кінәздік киім-кешек, қаражат алды...» («Көне түріктер»: 364 бет). Бұл Бөбек ханымның мекерлігінен келіп шыққан хандар әулеті тарихының қаралы беттері болатын.

Ал, Бөбек ханым қайдан шықты? Ол түбі түркі-табағаштық, патша сарайы маңында тәлім-тәрбие алған, дана Түнкүктің қызы болатын. Дананың Көк түріктер

(Жалғасы бар)

ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНЫҢ ҚАРА НАРЫ ЕДІ...

Ұлт әдебиетінің тағы бір көрнекті өкілінен айырылды.

Белгілі қаламгер, драматург, журналист, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, «Құрмет», «Парасат», III дәрежелі «Барыс» ордендерінің иегері, Оңтүстік Қазақстан облысы мен Түлкібас, Бәйдібек аудандарының құрметті азаматы Мархабат Байғұт жетпіс жеті жасында мәңгілік мекеніне аттанды.

Әдебиетсүйер қауым қазақтың қабырғалы қаламгерінің қазасын күйзеле қабылдады.

Түлкібас төрінен қанаттанған Мархабат Байғұт туа бітті таланты мен ерекше еңбекқорлық қасиеті арқылы исі қазақтың ұлына айналған еді. Ол еліміздің руханияты саласындағы өлшеусіз еңбегі арқылы оқырман қауымның сүйіспеншілігіне бөленді.

Қазақ әдебиетінің теңдессіз туындылары саналатын «Дауыстың түсі», «Машаттағы махаббат», «Сырбұлақ», «Интернаттың баласы», «Түркілер төрі Түркістан» кітаптары әлі талай буынның рухани бағдарына айналары даусыз.

Қайраткер тұлға, әдебиет, ақпарат, саласында өзіндік мектеп қалыптастырған атпал азамат өзінің қоғам алдындағы антына адал, өз ісіне деген жауапкершілігі жоғары азамат ретінде өскелең ұрпаққа таптырмас үлгі, өшпейтін өнеге көрсетіп кетті.

Қаламгерлік қабілетін танытып қана қоймай, бірнеше маңызды салаларға басшылық жасап, мемлекеттік қызметшінің нағыз эталонына айнала білді.

Ауыр қазаға орай қазақ еліне, облыс жұртшылығына, марқұмның туыстары мен ұл-қыздарына көңіл айтамын.

Алдағы уақытта отбасыларыңызда тек жақсылықтар орын алсын.

Дархан САТЫБАЛДЫ,
Түркістан облысының әкімі



ТҮРКІ ДҮНИЕСІНІҢ ТҰЛҒАСЫ БОЛАТЫН

Қазіргі қазақ әдебиетінің классигі Мархабат Байғұт ағамыздың дүниеден озғанын естіп, жүрек жанылап отыр. Соңғы рет ол, кірекен Алматыда жүзестік. Осы жылғы жаз айларының бірінде, «Ақкент» шағын ауданындағы үйімнен жұмысқа шығып бара жатыр едім. Төмен жақтағы көрші үйден Орысбай Әбілдаев пен Баркұл төшем, Мархабат аға мен Қыздаркүл жөнешем шығып келеді екен. Өздері көңілді. ҚазҒУ-де университет бітіргендеріне айтулы дата толып, соған кездесуге бара жатыр екен. Бұл кісілер құдай қосқан құда. Мархабат ағаның дүниеден ерте озған Баубек деген баласы мен Орекеннің ортаншы қызы ертеректе тағдыр қосқан. Одан бірнеше ортақ немерелері бар... Емен-жарқын амандасып, қауқылдасып қалдық. Ауладағы ұзын орындыққа отырып, хал-жай сұрастық. Мархабат ағам өзінің қашанғы өзгермейтін қалпымен жылы жымиып, нұрын төгіп, ерекше бір мейірім шуағын шашып адамның бауырына кіре әңгіме созып, біраз аядадық. Жазушылар одағы мен Ақтөбе Облыстық әкімдігі бәйгесінде алған Тобық Жармағамбетов атындағы сыйлық алғаны үшін Ұлықбек інісіне, маған алғысын жаудырып-ақ жатыр. Қайран қатал тағдыр-ай! Бұл менің ол кісіні соңғы рет көруім екен-ау! Кейін тағы бір мәрте телефон арқылы сөйлестім. «Ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің 125-жылдығына орай қыркүйектің 28-жұлдызында Семейдегі шараға Мемлекет басшысы баратынын, соған

Әуезовтің қазіргі көрнекті ізбасары ретінде барып қайта аласыз ба?» деп сұрағанымда өзінің сұрақтанып жатқанын айтып. Бұл ол кісінен соңғы тілдесуім екен. Кейін Шымкентке жол түсіп барғанда, жүрегіне ота жасатқан ағамызға көңіл сұрай барып шыға алмадық. Отадан кейін үйге шығыпты, бірақ ешкімді кіргізбейді екен. Дәрігерлер сондай тыйым салыпты деді білетіндер. Тек жақын-жуықтардан сәлем айттық. Одан бері де көп өткен жоқ. Жазылып кетуін Алладан тілеп жүрдік. Амал нешік, қайырымсыз ажал Ағамызды жеңіп тыныпты. Өкініш өзекті өртейді. Оңтүстік өңіріндегі әдебиет дегенде, алдымен тілге Мархабат Байғұт есімі оралатын еді. Біз қай бір сапармен Шымкент, Түркістанға барсақ, алдымыздан өзіне ғана тән жылы жымысымен Мархабат аға шығатын. Сонау бір жылы Елбасы Түркістан қаласында этноорталықтың ашылуына келіп, оншақты қазақ зиялысымен кездескенде, ортамызда Мархабат аға болып еді. Бір жылдары Ұлықбек, Ғалым үшеуіміз Темірғали Көпбаевтың елу жұлдығына барғанымызда Шымкенттің сәулетті сарайының бірінде сөз тізгінін өзі ұстап еді. Ханбибі Есенқарақызының жетпіс жылдығында марқұм Көпен аға екеуі салтанатты кешті әдемі жүргізген. Қасықымхан Бегмановтың алпыс жылдық тойына Түркістанға барғанымызда, тағы да алдымыздан Мархабат ағам шықты. Айта берсең, ұшы-қиырсыз көп кездесу, жарқын жүздесулер. Мархабат аға ақырын

жүріп, анық басатын, көркем мінезді, жазғандары ел жүрегіне ұя салған асарында, жоғын жоқтаған кайраткер тұлғамыз еді. Берісі – алты Алашқа, арысы бүкіл түркі дүниесіне танымал болатын. Кейінгі жылдар бедерінің өзінде Ұлы Жібек Жолындағы орналасқан Түркістан шаһары туралы тарихи деректі шығармасы Бейжүнін кытай тілінде жарық көріп еді. Ал оның «Әкімнің әйелі» шығармасын көрші ел Өзбекстанның Президенті Шавкат Мирзиёев барлық өзбек шенеуніктеріне сөз арнап, Қазақ жазушысы Мархабат Байғұттың «Хокимнің хотуны» прозалық шығармасын оқып шығуға үлкен жиын үстінде пермен беріпті. Осыдан екі-үш жылдай бұрын Алыстағы Түркияда Мархабат ағаның кітабы түрік тілінде басылып шығып, «Түркі дүниесіне зор қызметі үшін» мәртебелі сыйлығымен марапатталды. Осының өзі қандай ұлы жазушымыздан көз жазып қалғанымызды аңғартатын мысалдар.

Мархабат ағаның жақын-туыстарына, барша қазақ еліне ауыр қайғыға ортақтасып, көңіл айтамын! Бақұл бол, қара сөздің су төгілмес үстінен сұлу жорғасы, Асыл аға! Жаныңыз жәннаттың төрінен орын алып, көусар бұлағынан сусынданып, Жан аға! Біз Сізді ұмытпаймыз!

Бауыржан ЖАҚЫП,
ақын, Қазақстан Жазушылар одағы
Басқармасы төрағасының
орынбасары

МАРХАБАТ МАҚАМЫ

Бұл өмірден қазақ әдебиетінің марғасқасы Мархабат Байғұт ағамыз да өтіпті... Алла алдынан жарылқасын!

Қазақ прозасында Мархабат мақамы бар. Бүгінгің Бейбітбеті аталған жазушының шығармалары өзіне тән юморы, жеңіл әзілі мен көркемдік шеберлігі, бай тілімен баурап алып, терең иіріміне тарта жөнеледі.

«Әдебиетті көп адам жасамайды. Әдебиет – жеке адамдардың еңбегінің жемісі. Біздің тәуелсіз еліміз енді-енді еңсе көтеріп, өркеніетті, дамыған елдердің қатарына енді-енді қосылып келеді. Бұл жолда жеңісіміз де, шегінісіміз де, дағдарысымыз да аз болмады. Бұдан кейін де төрт құбыламыз түгел, уайым-қайғысыз өмірге оп-оңай қойып кеткелі отырғанымыз жоқ. Алдымызда қыруар жұмыс күтіп тұр. Демек, әдебиеттің де алатын қамалдары мен асатын биіктері аласармақ емес. «Где все хорошо, там писателю делать нечего», – депті ғой Бернард Шоу деген ағылшындық қаламгер. Ал, бізде проблема көп. Проблема көп жерде жазушы ауадай қажет. Себебі, сол проблемаларды жолға қою үшін қара күш, дөрекі сөз емес, Бернард Шоудың юморындай мәдениетті мысқыл, ұлтты сарказм керек. Ондай юмор мен сарказмның иесі арамызда жүр. Оның аты-жөні – Мархабат Байғұт» дейді әйгілі жазушы Дулат Исабеков.

1988 жылы болуы керек, Оңтүстік Қазақстан облысында сол кездегі дәстүрлі республикалық «Жігер» фестиваліне жас ақын-жазушылардың іріктеуінде сол кездегі Оңтүстік Қазақстан облыстық филиалы төрағасы Мархабат Байғұт бастаған Әбілқазылар поэзиядан мені, сатирадан Әкім Ысқақ екеуімізге жолдама берді. Құдайға шүкір, екеуіміз де Алматыда өткен республикалық фестивалдан зор табыспен оралдық.

2018 жылы Мархабат Байғұт шығармасы Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылды. Алғашқы іріктеуде оқ бойы озық келе жатқан Мархабат Байғұт пен ақын Ғалым Жайлыбайды соңғы іріктеуде «комиссия» сүріндірді... Бұған әдеби қауым өз наразылықтарын білдіріп жатты.

«Қазақ үні» ұлттық порталы мен газетінің дәстүрлі «Жыл адамы» байқауында Мархабат Байғұт пен Ғалым Жайлыбай екеуі оқырмандар тандауымен бір ауыздан «Жыл Қаламгері» атанды.

Бұны естіп, Махаң ел ықыласына ырза болып, қатты қуанып қалды. «Енді Мемлекеттік сыйлыққа түспеймін. Қитұрқысы көп екен» деген еді...

2020 жылы күзде Түркістан облысы қаламгерлерді облыс жетістіктерімен таныстырғанда бізді Түлкібас ауданына апарды. Түлкібас десе еске бірден Махаң түсетіні белгілі. «Сіздің елге бара жатырмыз, қайдасыз?» деп хабарластым, «Есіттім, белім шойырылып, тұра алмай жатырмын» дегесін телефонда біраз әңгімелестік. Түлкібас ауданын Махаңның ұлы Нұрлан басқарып отыр екен, қаламгерлерді жылы шырайлы қабылдап, ауданды аралатып, жақсы күтіп жіберді.

2021 жылы депутаттық сапармен елге барғанда да Махаңа хабарласып едім, ауырып жатқанын айтты. Биыл да қазан айында іздегенде ел Махаңның төсек тартып жатқанын айтқан еді...

Мархабат Байғұттың қай әңгімесін оқысаңыз да – өмірдің өзі. Тірліктің түрлі сәттерінде терең астарлы «Дауыстың түсі» әңгімесі еске түсе беретін еді...

Кейінгі оқыған «Махаббатым сізге арналады» атты әңгімесі лирикалық мұңға тұнып тұрған мөлдіреген туынды еді...

Мархабат ағамыздың отбасына, туған-туыстарына қоңыл айтамыз. Сүйікті жазушысынан айрылған жалпы қазақ халқына көңіл айтамыз.

Пейіште рухы шалқи бергей!
Қазақ әдебиеті бар да, Қазақтың көрнекті жазушысы Мархабат Байғұт бар!
Иманы саламат болсын!

Қазыбек ИСА,
ақын, ҚР Парламенті
Мәжілісінің депутаты

РАМАЗАН СТАМҒАЗИЕВТЫҢ КОНЦЕРТІ

«ХАЛЫҚ ӘНІ» КАФЕДРАСЫНЫҢ 35 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛДЫ

Алматыда Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында «Халық әні» кафедрасының 35 жылдығына орай Қазақстанның еңбек сіңірген артисі, «Құрмет» орденінің иегері, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының доценті, әнші-ұстаз Стамғазы Рамазан Өмірәліұлының «Шалқы көкке сұлу ән» атты шығармашылық кеші өтті.



1987–1988 жылдары дәріс беруге шақыртылған алғашқы ұстаздар қатарын Жәнібек Кәрменов, Қайрат Байбосынов, Набат Ойнарова, Алмас Алма-тов, Жақсылық Сәрсеналиев, Наурызбек Нұржаубаевтар құрады. Халық әні кафедрасы кейін республикадағы көптеген жоғары оқу орындары жанынан дәстүрлі ән өнері мамандығының ашылуына зор ықпалын тигізді. Кафедраның өз алдына дербес қалыптасуына өлшеусіз еңбек сіңірген әнші, жазушы Жәнібек Кәрменов еді. Әнші-ұстаз кафедрасы 1990 жылдан өмірінің

соңына, яғни 1992 жылға дейін басқарды. Ж. Кәрменовтың кезінде Халық әні кафедрасы өзінің қалыптасуы, болашақ бағыт-бағдарын анықтау кезеңдерінен өтті.

Стамғазы Рамазан Өмірәліұлы – дәстүрлі ән өнерімізді елімізде де шетелдерде де кеңінен насихаттап, тыңдармандарының сүйіспеншілігіне бөленіп жүрген өнер майталманы, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі, «Құрмет» орденінің және Ә.Бөкейханов атындағы алтын медальдің иегері. Әнші-ұстаз Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерватория-

сы «Халық әні» кафедрасында көп жылдан бері жемісті қызмет атқарып, шәкірт тәрбиелеп келеді.

Концерттік кеште консерваторияның студенттік халық аспаптар оркестрі, Астана қаласының Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясының әншісі, Республикалық байқаулардың лауреаты Өзгеріс Шерікбай, Рамазан Өмірәліұлының Халықаралық және Республикалық байқауларда лауреат атанып жүрген шәкірттері өнер көрсетті.

qazaquni.kz

«ШАҢЫРАҚ» БАЙҚАУЫ ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

«Достық үйінде» Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі және «Қоғамдық келісім» РММ ұйымдастыруымен, Қазақстан халқы Ассамблеясының Этножурналистика саласындағы «Шаңырақ» республикалық шығармашылық байқауының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті.



Байқау дарынды журналистерді анықтап, олардың қоғамдық келісім мен бірлікті нығайтуға және қазақстандық этножурналистика саласын дамытуға қосқан үлесі үшін ынталандыру мақсатында өткізілді.

Байқау барысында Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін жариялап, беделін арттыратын, қоғамдық келісім мен жалпұлттық бірлік саласындағы мемлекеттік саясатты кеңінен насихаттайтын, мемлекеттік тілдің қызмет аясын кеңейтуге және жас ұрпақты қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеуге бағытталған үздік авторлар іріктелді.

Марапаттау рәсіміне Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары – Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің ҚХА Хатшылығының меңгерушісі М. Әзілханов, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты С. Абдрахманов, ҚР АҚДМ Этносаралық қатынастарды дамыту комитетінің төрағасы Ғ. Шойкин, «Қоғамдық келісім» РММ директоры Қ. Майгельдин, ҚХА Журналистер клубының төрағасы А.Кенесұлы, журналистер, республикалық және облыстық БАҚ тілшілері қатысты.

Марапаттау рәсімінде М.Әзілханов журналистердің Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін кеңінен насихаттауға,

мемлекеттік қоғамдық келісім мен ұлттық бірлік саясатын қолдауға қосқан үлесін ерекше атап өтті. Сондай-ақ, журналистер тарапынан қоғамдық келісімді дамыту, арандатушылық ақпараттан қорғану, халық бірлігін сақтау тақырыптары жиі көтерілуі керектігіне тоқталды.

Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісінің депутаты С.Абдрахманов журналистер қызметінің маңыздылығын айта келе, әсіресе этносаралық қатынастарды, сонымен қатар қазақстандық келісімнің ерекше үлгісін насихаттауда ықпалы зор екендігіне назар аударды. ҚХА Журналистер клубының төрағасы А.Кенесұлы өз сөзінде байқау барысында қазақ қоғамының шынайы, табиғи мүшесі, әбден кіріккен, осы елге жан-тәнімен қызмет етіп жүрген жандар туралы материалдар қолдау тапқандығын айтты. Сондай-ақ, ол бұл марапатты престижді, танымал байқауға айналдырып, «Үркер», «Тұмар» сыйлықтарының қатарына арнайы «Шаңырақ» номинациясын енгізуді ұсынды.

Байқауға республикалық, облыстық және этникалық БАҚ өкілдері қатысты. Салтанатты шарада «Шаңырақ – 2022» шығармашылық

байқауының жеңімпаздары естелік статуэткалар, дипломдар және ақшалай сыйлықтармен марапатталды. «Шаңырақ – 2022» байқауының жеңімпаздары:

Бас жүлде – Акажанова Г. «Сарыарқа» облыстық телеарнасы (Қарағанды облысы); 1 орын – Гринько К. «Азаттық рухы» (Астана), Мұса Н. «Stan.kz» (Алматы), Шилман Н. «Каспийская коммуна» (Атырау облысы); 2 орын – Тасқалиев А. «Ақтөбе» облыстық газеті, Жакыпбеков А. «Хабар 24» (Қызылорда облысы), Абдулов А. «Атырау» газеті; 3 орын – Қоржумбаев А. «DK-News» (Алматы), Қозыбақова В. «Манғыстау» облыстық газеті; Ынталандыру сыйлықтары – Тыщенко Е. «Вечерняя Астана», Жакыпов А. «LIFE09» ақпараттық агенттігі, Аюпов Ш. «Ұйғыр авазы» газеті (Алматы, этноБАҚ), Мугаев Р. «Барбанг» қауымдастығы (Алматы, этноБАҚ). Сондай-ақ, Қазылар алқасының шешімімен, байқаудан тыс Солтүстік Қазақстан облысы ҚХА Журналистер клубының мүшесі, 6 сынып оқушысы Арыстан Оразаев ынталандыру сыйлығымен марапатталды.

qazaquni.kz
Астана

ҚАЗАҚТЫҢ МҰҢЫ МЕН ШЫНДЫҚТЫҢ ЖЫРЫ - «ҚАЗАҚ ҮНІ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

«Қазпошта» арқылы жазылу бағасы:

1 ай	қала	429,24	3 ай	қала	1287,72	6 ай	қала	2575,44	12 ай	қала	5150,88
1 ай	ауыл/аудан	447,86	3 ай	ауыл/аудан	1343,58	6 ай	ауыл/аудан	2687,16	12 ай	ауыл/аудан	5374,32

Меншік иесі:
«Қазақ үні» ЖШС
ҚАЗАҚ ҮНІ
Президент –
Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН

Бас редактор –
Құлтөлеу МҰҚАШ

Бас редактордың бірінші орынбасары –
Зейнолла АБАЖАН

Qazaquni.kz ақпарат агенттігінің
Бас редакторы –
Азамат ТАСҚАРАУЛЫ

Жауапты хатшы –
Гүлмира САДЫҚ

БӨЛІМ РЕДАКТОРЛАРЫ:
Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)

Нұржан АСАН (көркемдеуші)

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:

Астана тілшілер қосыны:
Азамат ТАСҚАРАУЛЫ
(8-702-931-89-86)

Ақмола облысы:
Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)

Арқалық қаласы:
Нұрсұлтан НҰРМАН
(8-702-688-84-87)

Алматы облысы:
Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)

Жезқазған қаласы:
Жанат АСАНҚАЛИ
(8-702-384-12-00, 8-707-261-20-98)

Қарағанды облысы:
Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)

Қостанай облысы:
Телен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)

Семей қаласы:
Рахат АЛТАЙ
(8-775-998-15-39)

Түркістан облысы:
Әбдіғәппар АЙДАР
(8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)
Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)

Түркістан қаласы:
Әтіргүл ТӘШИМ (8-702-489-47-23)

Тарату бөлімі:

Астанада:
Жасулан ИСА
(8-776-120-19-72)

Шымкентте:
Мүтән ИСМАЙЛЫ
(8-701-692-1340),

Астанада «Алты Алаш»
дүңгіршіктерінде сатылады
(8-701-572-88-47)

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде 19. 12. 2012 жылы тіркелген. Куәлік №13976-Г (Алғашқы куәлік №1270-Г, 01. 08. 2000 жыл).

Автордың пікірі мен редакция көзқарасы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы кәсіптік. Газетте «Қазақпараттың» материалдары пайдаланылды.

Газет «Қазақ үні» компьютер орталығында беттелді

АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 400
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

Редакцияның мекен-жайы:
050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, С. Сейітов көшесі, 11 үй

Байланыс телефоны:
8 (727) 398-57-31

E-mail: qazaquni2000@gmail.com
www.qazaquni.kz

Кезекші редактор
Дастан ЕЛДЕС

ТОО «Қазақ үні»
БИН 000540006784
ИИК KZ250856000000385541
АГФ АО «БанкЦентрКредит»
г. Алматы, БИК КСЖБҚКХ, Кбе 17
Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында
басылды. Алматы қ., С. Мұқанов к., 223 б.
Көлемі: 6 баспа табақ

Ⓐ – материалдың жариялану ақысы төленген